

Ш. ҚҰЛМАНОВА, Б. СҮЛЕЙМЕНОВА, Т. ТОҚЖАНОВ

Музыка

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

5

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 85.31 я 72
Қ 74

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–6-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– музыканы тыңдау



– өнді орындау



– таныстырылымды бағалау



– оқу



– тапсырмалар, сұрақтар

Құлманова Ш. және т.б.

Қ 74 Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Тоқжанов Т. – Алматы: Атамұра, 2017. – 112 бет.

ISBN 978-601-306-722-3

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 85.31 я 72

ISBN 978-601-306-722-3

© Құлманова Ш., Сүлейменова Б.,
Тоқжанов Т., 2017
© «Атамұра», 2017

Жас дос!

Музыка әлеміне қош келдің! Сен осы оқулық арқылы қазақ халқының музыкалық мұрасы – ән, күй, айтыс жанрлары жөніндегі ұғымдарыңды кеңейтесің әрі тереңдетесің.

Сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлі музыкасымен және Қазақстанда тұратын өзге ұлттардың, әлем халықтарының музыка мәдениетімен танысасың.

Музыканың түрлі ұлт өкілдерін достастыруға ықпал ететін керемет қасиетін сезінесің.



Музыкалық ойындар ұйымдастыруды, импровизация (суырыпсалма) жасау, өн айту мен музыкалық шығарманы тыңдауды, музыкалық сауаттылықтың негізін игеруді жалғастырасың.



Оқулық саған оқу материалын игеруді ғана емес, сондай-ақ ұнатқан тақырыптарыңмен жеке тапсырма орындауыңа, музыкалық көркем композиция дайындауыңа көмектеседі.




Саған сәттілік тілейміз!





ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ



Бөлімнен:

- дәстүрлі әншілік мектептерді ажырата алуды;
- аспаптық музыкадағы дәстүрлі орындаушылықты;
- вокалдық және аспаптық музыканы заманауи өңдеуді;
- айтыс өнерінің түрлерін ажырата білуді


үйренесің.

Музыкалық сауат:

- әншілік мектептер;
- аспаптық орындаушылық түрі: төкпе, шертпе;
- айтыс өнері: қыз бен жігіт айтысы, ақындар айтысы;
- музыкалық өлшем.

Терминдер мен ұғымдар:

- жанр – жанр – genre;
- вокалдық жанр – вокальный жанр – vocal genre;
- аспаптық жанр – инструментальный жанр – instrumental genre;
- стиль – стиль – style;
- суырыпсалма – импровизация – improvisation.





Қазақ халық әнінің әуенділігі

Сырлы ән



Ән өнері – халқымыздың сарқылмас қазынасы. Ән – адамның көңіл күйі, қуанышы мен мұңы. Ғасырлар сынынан өткен ең әсем, сырлы әндер ғана ел аузында сақталып, бүгінге дейін жеткен. Сенің де өзіңе ұнайтын әндерің бар. Әнді тыңдағанда, орындағанда, талдағанда көп нәрсе үйренгеніңе сенімдіміз.

Тыңда және талда.

?!

- «Бір бала» халық әнінің әуенін ұнтаспадан (мәтінсіз) тыңда.
- Ән әуенін сипаттағанда қандай анықтамалар қолданар едің (лирикалық ән, әсем ән, әзіл ән, баяу ән және т.б.)?
- Әннің мазмұнын сипатта.





Бір бала

(қазақтың халық әні)

1. Талдан таяқ жас бала таянбайды.
Бала бүркіт түлкіден аянбайды,
Угәй-әй, ән салшы-ай, бір бала!
Қос етек бұраң бел, қуалай соғар қоңыр жел.
2. Абзал арман білімге талап еткен,
Талап етсе, мақсатқа адам жеткен.
Угәй-әй, ән салшы-ай, бір бала!
Қос етек бұраң бел, қуалай соғар қоңыр жел.
3. Еңбек етіп, жастықта білім тапсаң,
Зор сенімді ақтайсың елің күткен.
Угәй-әй, ән салшы-ай, бір бала!
Қос етек бұраң бел, қуалай соғар қоңыр жел.

?!

Әнді орында.

- «Бір бала» халық әнін ұнтаспадағы әуенге қосылып, көркем орында.
- Ән мәтінінің әр тармағы неше буыннан тұрады? Мысалы: Тал-дан та-яқ жас ба-ла та-ян-бай-ды.

11 буынды өлеңді «қазақтың қара өлеңі» деп атайды.

Қара өлең әнге салып айтуға ыңғайлы.

Әншілер әннің әуенділігіне байланысты түрлі көркем-деуіш сөздерді пайдаланған. Мысалы, «ахау», «угәй-әй», «әй» және т.б.



Ән – вокалдық жанр, яғни адамның әуенді дауыспен орындауы немесе сөз бен музыкалық әуеннің бірігуі.

Жанр – өнердің барлық түріне байланысты жіктелуі: аспаптық жанр, вокалдық жанр, әдеби жанр.

Музыкадағы ырғақтың ұзақтығын сақтау үшін **өлшем** қолданылады.

Өлшем кілт белгісінен кейін қойылады. Ең қарапайым өлшем: $\frac{2}{4}$. Бұл өлшем бір тактінің ішіндегі ұзақтықтың екі төрттік нотаға саналатынын көрсетеді. Мысалы:



Әнді түрлендір.


- «Бір бала» халық әнінің «Талдан таяқ жас бала» деген бірінші жолын нотамен орында.



Тал - дан та - яқ жас ба - ла

- Осы тармақты екі дауысқа салып түрлендір.

Үлгі:



Тал - дан та - яқ жас ба - ла



*** Оз жұмысыңды таныстыр және бағала.**






Қазақ халық әнінің өуенділігі

(жалғасы)

Асқақ ән



Айтбай

Біржан Қожағұлұлы

Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды – ту көтерген думан жерім,
Қарқара, сұлу Көкше – жер шоқтығы,
Сарыарқа – алтын ана, асқар белім.

Қайырмасы:

Жер шоқтығы – Көкшетау,
Тал, қарағай, бақша, бау.
Бауырыңда сексен көл,
Иісің жұпар аңқиды-ау.



?!

Тыңда және талда.

- Ұнтаспадағы бейнежазбадан Біржанның «Айтбай» өнін тыңда және өн өуенін сипатта.
- Бейнежазбадағы өншінің орындаушылық шеберлігін бағала (дауысы, өн орындау мәнері, аспапта орындауы).
- Сыныптастарыңмен бірге өн мазмұнын оқи отырып, сурет арқылы салыстырып әңгімеле.

Ақпарат ізде.



Біржан Қожағұлұлы (1834–1897) – Арқа өн өнерінің ірі өкілі. Ол өнші ғана емес, ақын әрі композитор. Біржан салдың «Айтбай», «Теміртас», «Ләйлім шырақ» өндері халық арасында кең таралған.

?!

Өнді орында.

- Өн қайырмасын мәнерлеп орында.
- Өз орындауыңдағы өн қайырмасын бейнежазбадағы өншімен салыстыр.
- Музыканың көркемдеуіш құралдарын пайдаланып, өнді түрлендіре орында.
- Сыныптағы ең үздік өншіні анықта.



Айтбай

(өннің қайырмасы)

Жер шоқтығы – Көкшетау,
Тал, қарағай, бақша, бау.
Бауырыңда сексен көл,
Иісің жұпар аңқиды-ау!



**«Көкшетау» поэмасы**

(үзінді)

Сәкен Сейфуллин




Сексен көл Көкшетаудың саясында,
 Өрқайсысы алтын кесе аясында.
 Ауасы дертке дауа, жұпар иісі –
 Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Көркемсөз жарысы.

- Қалай ойлайсың, халық неліктен Біржан ақынды «Біржан сал» деп атаған?
- Суретке қарап, «сал» сөзіне анықтама бер.
- Біржанның «Айтбай» әнінің аясында С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан үзіндіні мәнерлеп оқы.
- Сыныптастарыңмен бірге өлеңді жақсы оқыған оқушыны анықта.

?!

 **Біржан** – әнші-композитор ғана емес, өзіндік орындаушылық мектебін қалыптастырған суырыпсалма ақын.

Көкшетаудың кейінгі атақты әншілері: Ақан сері, Естай, Ыбырай, Балуан Шолақ – бәрі де Біржанды үлгі тұтып, соның мәнерімен айтқан. Олар Біржанды ұстаз санаған.





Қазақ халық әнінің өуенділігі

(жалғасы)

Өзіл ән

Ақпарат ізде.

- «Көкшолақ» әні және әнінің авторы Кенен Әзірбаев туралы не білесің?



Кенен Әзірбаев (1884–1976) – ақын, әнші әрі композитор. Ол Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келген. Он бір жасында қолына домбыра алып, өлең мен ән шығарған. Оның «Көкшолақ», «Бозторғай», «Базар–Назар», «Туған жер» әндері халық арасында кең танымал.

?!

Тыңда және талда.

- «Көкшолақ» әнін тыңда және мәтінін талда.
- «Көкшолаққа» теңеу сөздерді тап.
- Бейнежазбадан К. Әзірбаевтың «Көкшолақ» әнін бірнеше орындауда тыңда.
- Көкшолақ бейнесін өуен арқылы жеткізуде орындаушылар қандай көркемдеуіш сөздерді қолданған (гик-гай, оу-оу...)?



Көкшолақ

Кенен Әзірбаев

1. Мінгенім астымдағы көкшолақ-ты,
Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоп-шолақ-ты.
Ей, қыздар, қойшысынбай өлеңінді айт,
Тұсыңа біздей құрбың келіп қапты.

Қайырмасы:

Олай жүрші, Көкшолақ,
Былай жүрші, Көкшолақ.
Қыздар мінген байталды,
Жанай жүрші, Көкшолақ.



Жамандатқыр, Көкшолақ,
Арам қатқыр, Көкшолақ,
Мені құртқан, Көкшолақ.

2. Мінгенім астымдағы қызыл шолақ,
Қыз байгүс әкесіне аз күн қонақ.
Ей, қыздар, кедейсінбей өлеңді айт,
Тұсыңа келіп қалдым «құдашалап».

Қайырмасы.

Көкшолақ
(ойын-сайыс)



Бірінші топ	Екінші топ
Олай жүрші	Көкшолақ
Былай жүрші	Көкшолақ
Қыздар мінген	байталды
Жанай жүрші	Көкшолақ
Жамандатқыр	Көкшолақ
Арам қатқыр	Көкшолақ
Мені құртқан	Көкшолақ



?!

Әнді орында.

- Ән қайырмасын мәнерлеп орында.
- Екі топқа бөлініңдер.
- Сары бояумен берілген мәтінді бірінші топ, жасыл бояумен көрсетілген мәтінді екінші топ орындайды.
- Ән қайырмасының әр жолын түрлі екпінде орында: жай – орташа – тез (жылдамдығын көрсет).

Қазір әнді орындау ерекшеліктеріне қарай кең тынысты, асқақ әуенді Арқа әндері, әсем сазды Жетісу әндерімен қатар Батыс Қазақстан, Сыр өңірі әншілік дәстүрлері қалыптасқан.

Дәстүрлі әншілік өнер – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік өңірлік ерекшеліктері бар вокалдық музыка өнері.



Айтыс өнері



Халқымыз әнді шебер орындаумен қатар, тез арада өз ойынан өлең шығарып, сөз жарысы – айтыс ұйымдастырған.

Үлкен жиын-тойларда жиналған халық бірінің айтқан өлеңіне бірі жауап қайтарып, суырыпсалма өнерін көрсеткен.



Кейінгі кезде осындай жарыстар өнер жарысына, айтысқа айналған. Айтысқа қатысатын айтыскер тапқыр болумен қатар, өлеңін өуенге қосып, домбырамен орындаған.

Айтыстың кең тараған түрлері: ақындар айтысы, қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтыс, қайым айтыс.

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің бір түрі, яғни әдеби жанр.

Айтыскер – айтысқа қатысушы, айтысатын адам.

Суырыпсалма – тез арада өз ойынан өлең шығару.



Қыз бен жігіт айтысы

Жігіт:

Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетесің кәмшат бөркің.
Бұлаңдап ұжмақтың хор қызындай
Бітпеген еш пендеге сенің көркің.

Қыз жауабы:

Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетемін кәмшат бөркім.
Келе сап сипатымды баяндадың,
Есіңді аудырды ма менің көркім?!

Айтысты тыңда.

- Ұнтаспадан айтысты тыңда және өлең жолдарын талда.
- Берілген қыз бен жігіт айтысына қандай сипаттама берер едің (лирикалық, өзіл, ойнақы)?
- Қалай ойлайсың, қыз бен жігіт өз ойларын айтыстың қай жолдарында білдірген?

?!



Айтыскердің өлең шумағының екі тармағын қайталап, ал үшінші, төртінші тармақтарда өз ойын жеткізетін айтыс түрін *қайым айтыс* деп атайды.

Айтысқа дайындал

(*қайым айтыс*)

1. Сөз айтайық көшелі,
Мерейің сонда өседі.
Бабаларым шетінен
Ақын болған кешегі.
2. Сөз айтайық көшелі,
Мерейің сонда өседі.
Шаттықтың білімді болсаң,
Еседі самалы алдан.

Орында.

- Өлең жолдарын ұнтаспамен бірге орында.
- Екінші шумақтағы үшінші, төртінші тармақтардағы сөздерді мағынасы мен ұйқасына қарай орнына қойып оқы.
- Екі топқа бөлініп, қайым айтыстың шумағын орында.

Музыкалық суырыпсалма.


- Берілген нота жазбаларындағы өн өуендерін қалай аяқтар едің?



?!

Айтыс өнерінде лезде ойдан сөз шығару *суырыпсалма* деп аталса, музыка өнерінде ол *импровизация* деп аталады.


Музыканы орындау барысында шығарманы тез арада қайта түрлендіру *музыкалық импровизация* деп аталады.

 Өз жұмысыңды таныстыр және бағала.



Айтыс өнері (жалғасы)

Ақындар айтысы

 Еліміз егемендік алғалы айтыс өнері кең қанат жайды. Қазір сен кез келген өңірде өтетін ақындар айтысын теледидардан, интернет желісінен көре аласың. Ақындар айтысына өлең сөз өнерін шебер меңгерген суырыпсалма, яғни тез арада жауап қайтара білетін ақындар қатысады. Айтыс сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ел тарихын, жер жайын білуді керек етеді. Ақындар айтысында «жаттама» өлеңдер аз болады. Әдетте ақындардың қысқаша айтысуын *түре айтыс*, ал ұзақ айтысуын *сүре айтыс* деп атайды. Өрбір ақын айтысу мәнеріне қарай белгілі әуен мен ырғақ қолданады. Әсерлі болу үшін ақындар домбыраның, гармонның не қобыздың сүйемелдеуімен айтысқан.

Ақпарат ізде.

- Біржан мен Сараның айтысы жөнінде естідің бе?
- Ақын Сара жайында мәлімет ізде.





Сара Тастанбекқызы (1853–1907) – атақты суырыпсалма ақын. Ол Алматы облысында дүниеге келген. Өнші қыз он үш жасынан қолына домбыра алып, шаршы топқа түскен. Сараның Біржанмен айтысы – ақындар айтысының үздік үлгілерінің бірі.



Біржан мен Сара айтысы

Біржан:

Қызы екен Тастанбектің ақын Сара,
Бөйгеден күнде келген жалғыз қара.
Қыз да болса адамның жүйрігі екен,
Көрмедік сөзді адамды жеке-дара.

Сара:

Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,
Ішінен ер қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып, сөз сөйлеп ем,
Келемін бір сүрінбей жалғыз қара.



Айтыстан үзінді тыңда.

- Ұнтаспадағы «Біржан мен Сара айтысынан» үзінді тыңда.
- Сөзіне назар аудар.
- Сөздерін әуенге қосып орында.
- Сыныптастарыңмен бірге «Біржан мен Сара айтысын» ұйымдастыр.



Оқушылар айтысы

*Өнін жазған: Т. Тоқжанов
Өлеңін жазған: А. Рахметов*

1-оқушы: Қазақты жүрген танытып,
Бойына кие дарытып.
Ұлтымның ұлы өнерін,
Айтысайықшы дамытып.



Мектепті айт нақтылап,
Білімнен әр кез тап тұрақ.
Домбыраңды қолға алып,
Жолға түс, кәне, шапқылап.

2-оқушы: Жалғасар жолы бабамның,
Мектепте жақсы сабағым.
Ұйқастырып өлеңді,
Жауапты саған табамын.
Алғаным бестік тек менің,
Өнеге маған өткенің.
Өнер-білім үйреткен,
Мақтанышым – мектебім.

Орында.

?!

- Оқушылар айтысының мазмұнына қарап, өнге қандай тақырып қояр едің?
- Әнді орташа екпінде орында.



Күй құдіреті

Төкпе күй



«Адай» күйі

Құрманғазы






Ақпарат ізде.

- Қазақ халқының аспаптық музыкасы – күймен бастауыш сыныптан таныссың. Күй – адамның жүрегіне, жандүниесіне ерекше әсер ететін қазақтың дәстүрлі музыкалық өнері.
- Күйдің *төкле* және *шертпе* түрлерін есіңе түсір.

Төкле күй – оң қолдың саусақтары бірігіп, жоғары-төмен серпіліп орындалатын күй.

Шертпе күй – оң қолдың саусақтарымен шертіліп орындалатын күй.

 Құрманғазының «Адай» күйі Қазақстанда ғана емес, шет елдерге де танымал. «Адай» күйінің қазіргі заманға сай эстрадалық өңделуі де оның кең таралуына ықпал етті.



Тыңда және талда.

- Бейнежазбадан Құрманғазының «Адай» күйін жеке орындауда тыңда.
- «Адай» күйінің орындалуын күйдің қай түріне жатқызар едің?
- Құрманғазы оркестрінің орындауындағы «Адай» күйін тыңда. Орындалу ерекшеліктеріне, орындалу құрамына, дыбыс күшіне, екпініне (*темп*), дыбыс бояуына (*тембр*), динамикасына (*forte, piano*) назар аудар.
- Интернет желісінен заманауи өңдеудегі «Адай» күйінің бейнежазбасын домбырашы А. Еңсеповтің орындауында тыңда. Алған әсеріңмен бөліс.
- Өзің тыңдаған «Адай» күйінің үш нұсқасының қайсысы саған көбірек ұнады және неліктен?
- Қалай ойлайсың, «Адай» күйі тыңдарманға қалай әсер етеді: жылатады, күлдіреді, жігерлендіреді, шабыттандырады?
- «Адай» күйіне қандай бейнекөрініс дайындауға болады?

Аспаптық және вокалдық музыканы орындауда әр орындаушының өзіне ғана тән стилі қалыптасады. Мысалы, эстрадалық, дәстүрлі орындаушылық және т.б.

Музыкалық стиль – композитор немесе орындаушының музыкалық көркемдеуіш құралдарды қолдануы және музыкалық бейнені берудегі таңдаған бағыты.



Күй-домбыра

Әнін жазған: Т. Тоқжанов

Өлеңін жазған: А. Рахметов

1. Қазақтың сіңген өнер бұл қанына,
Сүйсінді күй күмбірін тыңдады да.
Домбыра шанағынан естіледі,
Ұлтымның қайғысы да, думаны да.

Қайырмасы:

Ел рухын көтерер,
Қос ішектің күмбірі,
Жеткізген баба мұрасын
Дәуірдің дара дүлдүлі.

2. Өзінде жатыр менің мол несібем,
Үніңнен тәлім алып, мен де өсіп ем.
Тарихым табылады сан ғасырдан,
Күй шертсем қос ішектің пернесінен.

Қайырмасы.

3. Ұлтымның жүрген жері жыр-ән еді,
Заманның шығар талай құлагері.
Ән салып, күй шертетін біз боламыз,
Қасиетті өнердің мұрагері.

Қайырмасы.





Күй құдіреті (жалғасы) Шертпе күй



«Сарыжайлау» – шертпе күйлер ішіндегі шоқтығы биік, халық арасында кең таралған әсем күйдің бірі. Күй авторы Тәттімбет туралы не білесің?



Тәттімбет Қазанғапұлы

?!

Ақпарат ізде.

- Бейнежазбадан немесе ұнтаспадан Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйін белгілі домбырашы Әбікен Хасеновтің орындауында тыңда.
- Өткен сабақта жинақтаған тәжірибеде сүйеніп, сыныптас-тарыңмен бірге күйге сипаттама бер (әсем, нәзік, әуенді, тез, жай).
- «Сарыжайлау» күйінің нұсқаларын «Отырар сазы» оркестрі мен скрипкашы Ж. Серкебаеваның орындауында тыңда, салыстыр.
- Қалай ойлайсың, қай нұсқада күй әуені өзгеріске ұшыраған?



Күйді заманауи (эстрадалық) өңдеуде қазақтың ұлттық аспаптарымен қатар, басқа да аспаптар қолданылады. Мысалы: скрипка, гитара, синтезатор (клавишті аспап), түрлі ұрмалы аспаптар.



«Сарыжайлау» күйі

(үзінді)



Орында.

?!

- «Сарыжайлау» күйінің негізгі әуенін «ля» немесе «дың» буындарымен орында.
- Өзіңе ұнаған екпінді таңда.
- Орындаған күй үзіндісін түрлендір. Нота жазбасындағы әуенді мұғалімнің көмегімен екі топқа бөлініп орындаңдар.



Жобаны жоспарлау және құрастыру

Тапсырма.

?!

- Топқа бөлініп, 1-тоқсанда өткен сабақтар бойынша жобаға тақырып таңда. Мысалы: «Ән өнері», «Күй өнері», «Айтыс өнері».
- Өр топ таңдаған тақырыбының мақсатын анықтайды, ақпарат іздестіреді.



Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Дәстүрлі әншілік өнер».

Жоба мақсаты: Қазақ халқының әншілік мектептерімен таныстыру.

?!

- Интернет желісінен Арқа, Жетісу, Батыс Қазақстан дәстүрлі әншілік өнер мектептерінің ірі өкілдерін слайд арқылы көрсет.
- Аталған ән мектептерінен қалаған бір әніңді орындауға дайындал (топпен немесе ансамбльмен).

Жұмыс нәтижесі: Әнді өзің таңдаған нұсқада түрлендір.



Жобаны таныстыру

Үлгі:


Жоба тақырыбы: Жетісу ақыны – Кенен ата.

Жоба мақсаты: Ақын, композитор Кенен Әзірбаев шығармашылығы.


Жоба түрі: топтық жұмыс.

Қолданылған дереккөздер: әдебиеттер, интернет желісіндегі мәлімет, бейнебаяндар, слайдтар.

Композиторды таныстыру:


 Жетісу өңірі – Қазақстандағы жері мен табиғаты ең әсем өлкелердің бірі. Сондай-ақ бұл өлкеде әншілік, ақындық, жыршылық өнер ерекше дамыған. Осындай мектептің негізін қалаушылардың бірі – ақын, айтыскер, композитор Кенен Әзірбаев.

Кенен Әзірбаев 1884 жылы 19 маусымда Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келген. Кенен ән-жырды орындауды ата-анасынан үйренген. Он бір жасында қолына домбыра алып, өлең шығарған. Оның «Көкшолақ», «Бозторғай», «Базар-Назар», «Туған жер» әндері халық арасында кең тараған. Бүкіл өмірін ән мен жырға арнаған ақын 1976 жылы 12 сәуірде 92 жасында қайтыс болған.





- Интернет желісінен К. Өзірбаевтың әндерін тыңда.
- Өнші С. Медеуовтің және «Тараз» триосының орындауында «Көкшолақ» әнінің бейнебаянын көр.
- «Көкшолақ» әнін таныстыр.

 Кенен әндерінің шығу тарихы оның өмірімен тығыз байланысты. Кенен кедейшілік азабын көп көрген. Жастау кезінде Кенен Көкшолағына мініп, тойға кетіп бара жатады. Алдынан Қордай өңірі байларының қыздары шығады. Ішінде байдың Шәлипа деген қызы бар екен. Ол елге ақындығымен танылған деседі. Кедейлігі мен астындағы Көкшолағын мазақ еткен байдың қыздарына Кенен бірден «Мінгенім астымдағы көкшолақты, Жалы жоқ, құйрығы жоқ, шоп-шолақты» деп бастап, «Көкшолақ» әні дүниеге келеді.



Таныстыр және бағала.

- Компьютерлік бағдарлама көмегімен әнді түрлендір, орында.
- Пайдаланылған нұсқа – «Тараз» триосының орындауындағы «Көкшолақ» әні. Нұсқаның әнге кіріспесі мен қайырмасы алынды. Әннің кіріспесі екі дауыста созыңқы, қайырмасы бір дауыста жай, орташа, тез екпіндерде орындалады.
- Төмендегідей үлгіні пайдалануға болады.

Әннің кіріспесі:



Айт-шүү, Көк-шо-лақ! Айт-шүү, Көк-шо-лақ! Айт-шүү, Көк-шо-лақ!

Әннің қайырмасы:



О - лай жүр - ші, Көк - шо - лақ!



БІЛІМҢДІ ТЕКСЕР



I. Мына сұрақтарға жауап бер:

1. «Бір бала» халық әні неше буынды өлең?
2. Қара өлең дегеніміз не?
3. Суырыпсалма дегенді қалай түсінесің?
4. Берілген әуен қай композитордың әні?



II. Тест тапсырмаларын орында:

1. Біржанның әні –
 - A. «Көкшолақ»
 - B. «Бір бала»
 - C. «Қамажай»
 - D. «Айтбай»
 - E. «Күй-домбыра»
2. Вокалдық жанр –
 - A. күй
 - B. өн
 - C. айтыс
 - D. қара өлең
 - E. би
3. Стиль –
 - A. әншінің дауысы
 - B. импровизация
 - C. музыканың көңіл күйі
 - D. музыкалық орындаушылықтағы таңдалған бағыт
 - E. әннің қайырмасы
4. Айтыс –
 - A. сөз сайысы
 - B. аспаптық дәстүр



- С. вокалдық орындаушылық
D. қарасөз
E. би
5. Түре айтыс –
- A. қысқаша айтысу
B. ұзақ айтысу
C. қайым айтыс
D. жұмбақ айтыс
E. қыз бен жігіт айтысы
6. «Адай» күйінің авторы –
- A. Біржан
B. Құрманғазы
C. Кенен
D. Төттімбет
E. Сүгір
7. Төкпе күй –
- A. оң қолдың саусақтарымен шертіліп орындалатын күй
B. оң қолдың саусақтарымен серпіліп орындалатын күй
C. вокалдық музыканы сүйемелдеу
D. би түрі
E. сөз сайысы
8. Шертпе күй –
- A. вокалдық музыканы сүйемелдеу
B. оң қолдың саусақтарымен серпіліп орындалатын күй
C. сөз сайысы
D. оң қолдың саусақтарымен шертіліп орындалатын күй
E. би түрі





Бөлімнен:

- тұрмыс-салт әндерінің түрлерін: бесік жыры, тұсаукесер жыры, жар-жарды жіктеуді;
- халық музыкасын интерпретациялауды;
- халық әндерін өңдеуді;
- халық әндерін заманауи түрлендіріп өңдеуді

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- тұрмыс-салт әндері;
- музыкалық интерпретация;
- музыкалық өңдеу;
- бас, тенор;
- альт, сопрано.

Терминдер мен ұғымдар:

- хор – хор – choir;
- аралас хор – смешанный хор – mixed choir;
- кәсіби хор – профессиональный хор – professional choir;
- бесік жыры – колыбельная – lullaby.



Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері

Бесік жыры



Ақпарат ізде.

?!

Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Сен де бесік жырларын тыңдап өстің.

- Неліктен тұрмыс-салт әндерімен танысу бесік жырларынан басталады?

Тұрмыс-салт әндері – адамның өмір сүруіне, тіршілігіне байланысты туған әндер.

Тыңда және талда.

?!

- Бейнежазбадан немесе ұнтаспадан бесік жырының екі нұсқасын тыңда.
- Әуендері мен мәтіндерін салыстыр. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тап.
- Бесік жырының қай нұсқасы ұнады және неліктен?





Бесік жыры

1. Әлди, әлди, балашым,
Әлдилейді анашың.
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.

Қайырмасы:

Әлди, әлди, әлди-оу, } 2 рет
Әлди, әлди, әлди-оу.

2. Әлди, әлди, балам-ай,
Әлдиңе салам-ай,
Бесігіңді тербетіп,
Әлдиңе салам-ай.

Қайырмасы.



Әнді орында.

- Әнді мәнерлеп орында.
- Өзің білетін бесік жырларын айтып көр.




Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері

(жалғасы)

Тұсаукесер салты



 Сәби қаз тұра бастағанда оның аяқтарына ала жіп байлап, тез жүріп кетсін деген тілекпен тұсаукесер салты жасалады. Бұл тойларда бата-тілекпен қатар «Тұсаукесер» жырлары орындалады.



Тұсаукесер жыры

(қазақтың халық әні)

1. Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң, мәз болам!
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.
2. Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңа қарайын,
Басқаныңды санайын.

Әнді орында.



- «Тұсаукесер жырын» көркемдеп орында.
- «Күрмеуіңді шешейін», «Тақымыңды жаз, балам» сөздерінің мағынасын түсіндір.



Балама тілек

Әні мен өлеңін жазған: М. Арынбаев

1. Тәй-тәй басқан бөпешім, шуағым,
Жанымдағы желбіреген құрағым.
Кесілді ғой тұсауың дәстүрменен.
Шапқылашы сүрінбей, шырағым.

Қайырмасы:

Батыр болар ма екенсің,
Алып тұлғалы,
Ақын болар ма екенсің,
Жазар жыр-әнді.
Әкім болар ма екенсің,



Елің сыйлайтын.
Аман болшы, балапаным.

2. Өке жолын үзбейтін жол болшы,
Жалғастырар ұрпақты сен болшы,
Маңдайыңнан айналдым, күнім менің,
Сегіз қырлы, бір сырлы ер болшы.

Қайырмасы.

?!

Тыңда және талда.

- «Балама тілек» әнін бейнежазбадан көріп, сөзіне назар аудар.
- Тұсауы кесілген балаға айтылған тілек сөздерді анықта.
- Әннің қайырмасын ұнтаспаға қосылып орында.



Жаңғырған салт-дәстүр әндері



Қазағымның дәстүрлері-ай

Әнін жазған: Н. Адамбеков
Өлеңін жазған: Т. Әшімов

1. Қайта оралды қазағымның бүгін дәстүрлері-ай,
Көптен күткен халқымыздың асыл арманы еді-ай,
Берекелі қазақ жері – ең берекелі,
Дәстүрлері ырыс болған қазағымның бұл ежелгі.

Қайырмасы:

Шілдехана, бесік той,
Тұсаукесер, сүндет той, ай, шіркін-ай.
Құда түсу, сырға салу, беташарым-ай.
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,
Қыз-бозбала кең даламды әнмен әсем тербеткен.



2. Ер жігітке жарасады озып шықса бәйгеден,
Қыз балаға жарасады алқа, шашбау, сәукеле.
Жоғалмасын дәстүріміз, ұмтылмасын,
Ата-баба көзіндей ғып сақтайық қазақ дәстүрін.

Қайырмасы:


Шілдехана, бесік той,
Тұсаукесер, сүндет той, ай, шіркін-ай.
Құда түсу, сырға салу, беташарым-ай.
Алтыбақан аясында сұлу бойжеткен,
Қыз-бозбала кең даламды әнмен әсем тербеткен.

?!

Тыңда және талда.

- Бейнежазбаны тыңдап, ән мазмұнындағы бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан салт-дәстүрлерді ата.
- Ән мәтініндегі «Құда түсу, сырға салу, беташарым-ай» деген қандай салт-дәстүрге жатады?



 Үйлену салты – адам өміріндегі ең маңызды сәт.
Мысалы: қыз ұзату тойында сыңсу, қоштасу әндері, ал үйлену тойында беташар, жар-жар айтылған.

3-2501



**Жар-жар**

Өлеңін жазған: А. Рахметов
Әні халықтыкі

1. Жолы емес пе көненің,
Келін болу, жар-жар.
Әке орнына атаң бар,
Жыламашы, жар-жар.
2. Бағың жанар сол елден
Ырыс қонып, жар-жар.
Аман-есен болыңдар,
Туыстарым, жар-жар.

**Жар-жар**


Өлеңін жазған: А. Асылбек
Әні халықтыкі

1. Осы өмірге лайық
Отты жағып, жар-жар.
Келеді әне, екі жас,
Топты жарып, жар-жар.
2. Ұялмаңдар, келіңдер,
Күтудеміз, жар-жар.
Бүгінгі күн тамаша!
Кел, жырлайық, жар-жар.



Әнді орында.


1. «Жар-жар» әнінің мәтіндеріне қарап, қайсысы қай тойда айтылатынын анықта (қыз ұзату, үйлену).
2. Үнтаспадағы әуенге қосылып, «Жар-жардың» екі нұсқасын орында.


 Ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер жаңғырып, жаңа заманға сай лайықталып өзгерді. Сондықтан орындалатын салт әндердің сөздері жаңарып, әуені мен ырғағы заманауи (эстрадалық және компьютерлік) музыкамен өңделді.



13-сабақ

Халық музыкасының интерпретациясы

 Музыка өнері нота дыбыстарымен таңбаланады. Нотамен берілген шығарманы есту үшін, оны міндетті түрде орындау қажет. Сондықтан орындаушы шығарманың мазмұнын өзінің түсінгені бойынша тыңдарманға жеткізуге тырысады, яғни интерпретациялайды. **Интерпретация** – композитор, дирижер, орындаушылардың музыкалық шығарманы жеткізудегі көркемдік шеберлігі. Мысалы, сен өткен сабақтарда музыкалық шығармалардың орындалуын бірнеше нұсқада тыңдадың (жеке, оркестр, трио және заманауи (эстрадалық) т.б.). Өзің де интерпретация жасауға қатыстың.



34



Беу, айдай

(қазақтың халық әні)

1. Қалам алып қолыма жазамын хат,
Өзім арзан болсам да, сөзім қымбат, беу, айдай.
Бекер қарап отырған жараспайды,
Қара өлеңмен бастайын аз насихат, беу, айдай.

Қайырмасы: Былтырғы мен биылды-ай,
Қолда жоқтың қиыны-ай.
Ұстараның жүзіндей
Аударылған дүние-ай.
Жүруші едік той тойлай,
Торғын белбеу бір байлай.
Әдейі іздеп келгенде,
Сөйлесейік ыңғайлай.


2. Қалам алсам қолыма, қарысады,
Бәсекемен қос жүйрік жарысады, беу, айдай.
Жүйрік жайын, ей, құрбым, білмеуші ме ең,
Біреуі озып, біреуі қалысады, беу, айдай.

Қайырмасы: Былтырғы мен биылды-ай,
Қолда жоқтың қиыны-ай.
Ұстараның жүзіндей
Аударылған дүние-ай.
Жүруші едік той тойлай,
Торғын белбеу бір байлай.
Әдейі іздеп келгенде,
Сөйлесейік ыңғайлай.

Тыңда және талда.

- Бейнежазбадан немесе ұнтаспадан «Беу, айдай» халық әнін дәстүрлі әншілердің орындауында тыңда және талда (әннің сипаты, екіні мен ырғағы, көңіл күйі).
- Заманауи музыкалық («МузАрт» тобы, әнші Н. Албан және әжелер ансамблі) орындаудағы «Беу, айдай» әнінің интерпретациялануын дәстүрлі әншілердің орындауымен салыстыр.
- Қалай ойлайсың, «Беу, айдай» халық әні заманауи интерпретациялауда қаншалықты өзгерді (әннің әуені, орындауы, көңіл күйі, екіні мен ырғағы, сүйемелдеуі)?

?!





- Өннің орындалған екі нұсқасында қандай ерекшеліктер бар?



«Беу, айдай» әнінен үзінді
(шағын интерпретация)



Орында.

Сыныптастарыңмен екі топқа бөлініп, әнді интерпретациялауға қатыс:

- Өннің кіріспесін «дай-да-ри-дай-дай» буындарымен орында.
- Өннің екі тармағын үлгіге қарап интерпретацияла.



*** Өз жұмысыңды таныстыр және бағала.**



Халық музыкасын өңдеу

Қазақтың ән мен күйлері жеке орындауда дамыған. Қазір ән-күйлеріміз топтық, ұжымдық (оркестр, ансамбль, хор) орындауға байланысты өңделіп жатыр. Ән хорға, күй оркестрге

және басқа аспаптарға лайықталып орындалып жүр. Күйді оркестрмен, әнді хормен орындау шығарма мазмұнын көркемдеп байыта түседі.

Музыкадағы өңдеу – белгілі бір мақсатқа сәйкес кез келген шығарманың түпнұсқасын орындауға немесе айтуға лайықтау.

Хор – көпдауысты вокалдық музыкалық жанр. Хордың бірнеше түрі болады: балалар хоры, әйелдер хоры, ерлер хоры және аралас хор. Хор кәсіби және халықтық болып бөлінеді. Кәсіби хорды төрт дауыста айтады: ерлер дауысы – бас, тенор, әйелдер дауысы – альт, сопрано.

Тыңда және талда.

- Өзіңе таныс «Бір бала» халық әнін хордың орындауында тыңда.
- «Бір бала» халық әнін орындаған қандай хор (балалар, әйелдер, ерлер хоры, аралас хор)?
- Тыңдаған хорды қандай хор қатарына жатқызар едің (кәсіби және халықтық)?
- Хордың орындауындағы ән ерекшеліктерін көрсетуде мына тірек сөздерді пайдалан: көпдауыстылық, ұжымдық, кәсіби орындау, дауыстар үйлесімі, дирижер.

Әнді орында.

- Сыныптастарыңмен бірге «Бір бала» әнінің қайырмасын екі дауыста орында.



Қу-а-лай

со - гар

қо - ңыр

жел

* Өз жұмысыңды таныстыр және бағала.





Жобаны жоспарлау және құрастыру



Шығармашылық жұмыс.

- Өзің танысқан тұрмыс-салт әндерінен («Бесік жыры», «Тұсаукесер жыры», «Жар-жар») жобаға тақырып таңда, жоспарла.

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Үйлену салты» («Жар-жар»).

Жоба мақсаты: Қазақ халқының үйлену салтындағы «жар-жар» әндерімен таныстыру.

Үйлену салтына байланысты әдебиеттерден, интернеттен «жар-жар» туралы ақпарат іздеу.

«Жар-жар» әндерін орындау.

Жұмыс нәтижесі: «Жар-жар» әндерінің түрленуі.



Жобаны таныстыру

Үлгі:

Жоба тақырыбы: «Жар-жар» әндері.

Кіріспе: Үйлену салты – адам өміріндегі ең маңызды сәт. Мысалы: қыз ұзату тойында сыңсу, қоштасу әндері айтылса, ал үйлену тойында беташар, жар-жар айтылған. Үйлену тойындағы «Жар-жар» әні айтуға жеңіл, әуені тез жатталады.



Орында.

- «Жар-жар» әнінің бірінші шумағын хормен бірге бір дауыста, екінші шумағын екі дауыста орында.

Үлгі:



О - с(ы)ө-мір-ге ла - й - ық, От-ты жа-ғып, жар-жар



ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ДӘСТҮРІ



Бөлімнен:

- түркі (қазақ, өзбек, қырғыз, тува (тыва), хакас, башқұрт) халықтары музыкалық дәстүрінің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуды;
- әндерді мәнерлеп орындауды;
- Шығыс (қытай, жапон, үнді, араб) халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін ажыратуды;
- Еуропа (неміс, австриялық, итальян, испан) халықтары музыкалық дәстүрінің ерекшелігі мен ұқсастығын табуды

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- түркі халықтары музыкалық аспаптарының түрлері мен дыбыс бояуы;
- түркі халықтарының көмеймен ән салуы;
- Шығыс халықтары музыкалық аспаптарының түрлері мен дыбыс бояуы;
- Шығыс халықтарының би түрлері;
- $\frac{3}{4}$ өлшемі, дирижерлеу тәртібі;
- вальс, полька, тарантелла билер ырғағы;
- австриялықтардың әнді «йодль» түрімен орындауы;
- фламенко би-ән түрі.

Терминдер мен ұғымдар:

- дәстүр – традиция – tradition;
- музыкалық дәстүр – музыкальная традиция – musical tradition;
- музыкалық аспап – музыкальный инструмент – musical instrument;
- йодль – йодль – yodel;
- баркарола – баркарола – barcarolle;
- тарантелла – тарантелла – tarantella;
- фламенко – фламенко – flamenco.



Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі

Қазақ халқы түркі тілдес халықтарға жатады. Соның ішінде бауырлас халықтар – тува (тыва), хакас, башқұрт, татар, өзбек, ұйғыр, қырғыз. Тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, өнерін, тілін, қай жағынан алсаң да, ұқсас.


Талқыла және салыстыр.

- Түркі халықтарына қай халықтарды жатқызуға болады?
- Келесі беттегі берілген түркі халықтарының атауларынан халық атауын дұрыс тауып, торкөздерді толтыр.
- Ойыңды айтып бер. Түркі халықтарының қазақ халқымен қандай ұқсастықтары және айырмашылықтары бар? Түркі халықтарының ішінен екі халықты таңдап алып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыр:
 - тұрмыс-салтында;
 - ұлттық киімінде;
 - тарихында;
 - музыка мен поэтикалық өнерде (ән, күй, жыр, терме, айтыс);
 - ән орындау дәстүрінде;
 - музыкалық аспаптарында.
- Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі қандай? Зерттеу жүргізейік.

?!

т				а			
қ				қ			
т				р			
ө				к			
х				с			
қ				з			
б					т		
ө							н





авар, өзербайжан, албан, башқұрт, грузин, қазақ, қырғыз, қытай, көріс, монғол, неміс, татар, төжік, тува, өзбек, украин, ұйғыр, хакас, филиппин

Тува халқының музыкалық дәстүрі



Тува (тыва) халқының мәдениеті ерте заманнан бергі салт-жора, әдет-ғұрып және ұлттық, музыкалық дәстүрлерімен тығыз байланыста дамып отыр. Тувалықтарда музыкалық аспаптың жиырмадан астам түрі сақталған. Олардың біразы Құдайға табыну кезіндегі діни салт-жоралғыларды (бақсылықты) сүйемелдеу үшін пайдаланылған.

Музыкалық аспаптардың ішінде қазір *дошпулуур* (тошпулуур), *игил*, *хомус*, *чадаган*, *шоор*, *домбра* (даңғыра) көп қолданылады.

Тува халқында ежелден жақсы дамыған *көмеймен ән салу дәстүрі* ерекше орын алған.





Тувалықтардың көмеймен ән салу дәстүрі

?!

Тыңда. Ақпарат ізде.

- Әншінің өнді орындау мәнеріне, әннің сөзіне, сүйемелдеген музыкалық аспабына көңіл бөл.
- Әннен алған әсеріңмен бөліс.

Хакас халқының музыкалық дәстүрі



Хакастар – түркі тілдес халықтардың бірі. Тува халқының музыка мәдениетімен туыстас болып келеді. Хакастарда әртүрлі жанрдағы фольклорлық шығармалар: мифтік аңыз-өңгімелер, ертегілер, батырлық тарихи жырлар жақсы сақталған.

Халық әндерінің арасында кең тараған түрлері – «тахпах» (тақпақ) пен «ыр» (жыр). «Тахпах» өлеңді ойдан суырыпсалма шеберлігіне, ал «ыр» белгілі бір мәтінге құрылады.

Эпос шығармалары («Алтын Арығ», «Хан Марген», «Алтын Чус») **чатханның** (ішекті соқпалы аспабы) сүйемелдеуімен ерекше көмей дыбыстары «хай» арқылы орындалады. Көне музыкалық аспаптары: **хомыс** (домбыраға ұқсайды, ішекті-шертпелі), **ыық** (қобыздың бір түрі, ішекті-ысқышты).





Хакас халқының көмеймен ән салу дәстүрі


?!

Тыңда. Ақпарат ізде.

- Әннің орындалуына, чатхан музыкалық аспабымен сүйемелдеу шеберлігіне көңіл бөл.
- Әншінің орындау ерекшелігі туралы пікіріңді айт.

Башқұрт халқының музыкалық дәстүрі



 **Башқұрт** халқының музыкасы дәстүрлі ұлттық мәдениет арнасында қалыптасқан. Тұрмысында, тілінде, салт-санасында (дәстүрінде), музыка өнерінде башқұрт пен қазақтың ұқсастығы көп. Мысалы, батырлар мен билер туралы көптеген жыр-дастандар екі халыққа да ортақ. Терме жанры да жақсы дамыған. Башқұрттар әнді жеке де, қосылып та айтқан. Сонымен қатар *әнді көмеймен орындау* дәстүрін қолданады. Музыкалық аспаптарында да көп ұқсастық бар. Бірақ аспаптардың ішінде *қурай* (сыбызғы) аспабының орны ерекше.





Башқұрттың халық әні

(«Торатау» этно-ансамблінің орындауында)

?!

Тыңда. Ақпарат ізде.

- Әннің башқұрт халқының құрай музыкалық аспабында орындалуына көңіл бөл.
- Орындалу барысында көз алдыңа не елестеттің? Түсінгеніңді айтып бер.

Әр халықтың өз дәстүрі бар.

Дәстүр дегеніміз ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жеткен өмір салты, әдет-ғұрпы, тілі, мәдениеті, өнері.

Музыкалық дәстүр – әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне ғана тән аспаптық және әншілік (вокалдық) музыка өнері.



Жаңбыр

(татардың халық әні)

Қазақ тіліне аударған: Ү. Әбдігаппарова.



Күт-тік, жаң-быр, біз се-ні, Бү-кіл а-уыл дүр-кі-реп,



Се-біл-сін-ші, нұр тө-гіл-сін, Жаң-ғыр-сын күн күр-кі-реп.



Се-біл-сін-ші, нұр тө-гіл-сін, Жаң-ғыр-сын күн күр-кі-реп.



Күттік, жаңбыр, біз сені,
 Бүкіл ауыл дүркіреп.
 Себілсінші, нұр төгілсін,
 Жаңғырсын күн күркіреп.
 Себілсінші, нұр төгілсін,
 Жаңғырсын күн күркіреп.




18-сабақ

Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі (жалғасы)

Өзбек халқының музыкалық дәстүрі



 Өзбек халқы өте көне заманда пайда болған музыкалық өнерін мақтаныш етеді. Қазір оның мазмұны мен көркемдік құралдарға бай көптеген түрі бар.

Заман талаптарына сай бейімделсе де, халық ата-бабадан қалған дәстүрін, музыкалық мұрасын қатты құрметтейді және жастар арасында насихаттайды. Әсіресе, *тұрмыс-салт музыкасы*, *дәстүрлі аспаптық шығармашылығы*, *дастан* мен *маком* өнері, *халық әндері* және *би өнері* кең танымал.



Бауырлас халқымыздың мейрамдары мен ойын-сауықтары өнсіз, бисіз өтпейді. Осындай кездерде олар халық музыкалық аспаптарын, әсіресе, *гиджак, дутор, чанг, рубаб, дойра, сурнай* аспаптарын көп қолданады.

Өзбек халқы мейрамдарда өн айтумен қатар билегенді жақсы көреді. Өн, билерін жоғарыда аталған аспаптарымен сүйемелдейді.



Тыңда. Ақпарат ізде.

- Өзбектің халық биі «Катта уйин» мен «Өзбек халық аспаптарының» бейнежазба үзінділерін қарап көр.
- Музыкалық аспаптардың түріне және дыбыс бояуларына (тембр) көңіл бөл.
- Қазақтың халық аспаптарымен салыстыр. Өз пікіріңді айт.

Қырғыз халқының музыкалық дәстүрі




Біздің халқымыз бен көршілес жатқан қырғыз халқының арасында ұқсастықтар көп. Тілдеріміз өте жақын болуымен қатар, біздің әдет-ғұрпымыз, дәстүрлеріміз де бірдей. Қырғыз халық аспабы **қомуздың** дыбысын тыңдап көр. Сырт пішіні мен дыбысы біздің домбырамызға келеді.



Қырғыздар халық ақын-әншілерін *ақын* және *ыршы* деп атайды. «Қырғыздар жырлаудан қиналмайды» деп бекер айтпаған, өйткені халық ақын-жыршылары кез келген тақырыпты өлеңдеріне қосып айта беретін болған. Халық шығармашылығының ең көне түрі саналатын жыр қазақ халқында да, қырғызда да бар. Жырдың негізі – батырлық жырлар.

Сөйте тұра, әрбір елдің өзіне ғана тән ерекшелігі де бар. «Манас» атты жырдың айналасына бүкіл қырғыз халқының **жырлары** шоғырланған. Осы жырларды орындайтын өнер иелерін қырғыздар *манасшы* деп атайды. Қазақ сияқты қырғызда да айтыс өнері кең дамыған. Айтысқа қатысушыларды *айтысшы* дейді.

 **Көл жағасында**
(қырғыздың халық әні)

Әндете



Ес - кен - де ер - кін са - мал, Тол - қын - нан қа - нат біт - кен. Ыс - тық - көл дүр
6
сіл - кі - ніп, Кү - міс - тен күл - кі сеп - кен.
9
Кү - міс - тен күл - кі сеп - кен.

Ескенде еркін самал,
Толқыннан қанат біткен.
Ыстықкөл дүр сілкініп,
Күмістен күлкі сепкен.

Орында.

- Ән не туралы?
- Қырғыз халқының тағы қандай әндерін білесің?

?!




Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі (жалғасы)

Түркі халықтарының музыкалық аспаптары

Ізденіс ойынының шарты:

1. Оқушылар 5 топқа бөлініп, қазақ, тува, өзбек, башқұрт, қырғыз халықтарының музыкалық аспаптары туралы ақпараттарды іздеуге кіріседі. Аталған халықтардың музыкалық аспаптарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды.

«Музыкалық аспаптар кестесін» (классификация бойынша) аспаптардың дыбыс шығару тәсіліне, реттілігіне қарай үлестірме парақшаға толтырады.

2. Музыкалық аспаптар туралы аңыздарды табады және айтып береді. Мысалы, қазақ халық аспаптары: домбыра, жетіген, қобыз, сыбызғы және басқа ұлттардың аспаптары туралы.


Ақпарат ізде. Талқыла.

- Қазақ халқының музыкалық аспаптары мен түркі халықтары аспаптарының сыртқы пішінінің айырмашылығы және ұқсастығы.
- Музыкалық аспаптардың дыбыс бояуларының (тембр) айырмашылығы мен ұқсастығы.
- Қай аспаптар *ішекті, тілшікті, үрлемелі, мембраналық (үрмалы), сілкімелі* аспаптар тобына жатады? Төмендегі аспаптарға топтастырғыш (классификатор) бойынша сипаттама жаса.

?!

Музыкалық аспаптар кестесі

қазақ	тува	өзбек	башқұрт	қырғыз
домбыра	дошпулуур	дудор	думбыра	комуз



қазақ	тува	өзбек	башқұрт	қырғыз
				
қобыз	игил	гиджак	қыл-қубыз	қыл қияқ
				
жетіген	чадахан	чанг	ятаған	жетіген
		—		
шаңқобыз	хомус	—	қубыз	темир ооз комуз
				
сыбызғы	шоор	най	қамыс-қурай	сыбызғы
				
даңғыра	домбра	дойра	доңгора	доол

Тыңда және талда.



- Музыкалық аспаптардың шығу тарихы мен аңыздарды тыңда. Қазақ халқының «Жетіген туралы» және хакас халқының «Сиқырлы чатхан» аңыздарын тыңда. Екі аспап туралы білетіңді айт.



«Сиқырлы чатхан»


(хакас халқының аңызы)



«Жетіген туралы аңыз»

(қазақ халқының аңызы)



 Түркі халықтарының, соның ішінде, тува, хакас, қырғыз халықтарының көмеймен ән орындау өнерімен алдыңғы сабақтарда таныстың.

Әуенді анықта. Зерттеу жүргіз.

?!

Орындау мәнерін анықта, өзіңнің сабақта әнді орындауыңмен салыстыр, мына сұрақтарға жауап бер:

- «Көмеймен ән орындауды» сен қалай түсінесің? Өзің көрсете аласың ба?
- Ән орындаудың екі түрі бірдей ме, әлде ерекше ме?
- Қазақ халқында «көмеймен ән орындау» дәстүрі бар ма?



Угәй, угәй, әй, угәй
(қазақтың халық әуені)

Әнді орында.

?!

- Әншілер ән орындаған кезде музыкалық аспаптарды пайдалана ма? Мысалдар келтіріп, өз ойыңды айт.
- Е. Құсайыновтың орындауында тыңдаған халық әнінің әуенін мына сөздермен қосып, сыныппен бірге үйрен және мәнерлеп орындап бер:

«Угәй, угәй, әй, угәй,
Ақ қазине* дариға-ай».

- «Домбырасыз сән қайда?» әнін есіңе түсір. Өлеңін жазған: Х. Талғаров, әнін жазған: И. Нүсіпбаев.
- Әнді ән орындау талаптарына сай мәнерлеп, әндетіп, әдемі орында.




20-сабақ

Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі

?!

Тыңда. Талқыла.

- Сен «Ұлы Жібек жолы» туралы не білесің?

 Ертеде халықтар сауда арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасаған. Олар киімдер мен түрлі әдемі маталар, құнды

* Қазине – сырт киім тігуге арналған қымбат мата.

бұйымдар мен дәмді тағамдар, яғни адам тұрмысына қажет заттардың бәрін де саудаға салған. Сауда жолы «Жібек жолы» деп аталып, үлкен қала мен ауылдарды, елдерді байланыстырған.

Жібек жолының басы Қытай жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталды. Жол батысқа және солтүстік-батысқа қарай шығу үшін оңтүстік және солтүстік бағыттарға тармақталды. Оңтүстік бағыт Ферғана, Самарқан, Иран, Ирак, Сирия елдері мен Жерорта теңізіне шыққан. Ал солтүстік бағыт Оңтүстік Қазақстан жерінде тағы екі тармаққа бөлініп, біреуі Орта Азияға қарай, екіншісі Түркістан арқылы Сырдарияның төменгі ағысымен Батыс Қазақстанға шығып, Еуропаға қарай өткен.

Сауда жолы «Жібек жолы» деп неге аталғанын білесің бе?

Ол жолмен қытайдың таза жібегі жиі тасымалданатын болған. Сондықтан сауда жолы «Жібек жолы» деп аталды.

Keң-байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстырып жатқан ұзақ жол болғандықтан, оған «ұлы» сөзі тіркелген. Сондықтан бұл жол «Ұлы Жібек жолы» болып тарихқа енді.

«Ұлы Жібек жолының» картасы



«Жібек жолы – Шығыс елдері»

(виртуалды саяхат ойыны)

Ойынның шарты. Балалар «Жібек жолы» саяхат бағдарламасы бойынша Шығыс елдерін аралады. Саяхат кезінде қытай жерінде бір қаладағы «Шығыс халықтарының өнері» деген мұражай көрмемен танысады. Көрменің бір жағында – Шығыс халықтарының ұлттық киімдері, екінші жағында – ұлттық аспаптар, үшінші жағында – ұлттық музыканы тыңдайтын аудио-бейне залы.

- Суреттерде қытай, грузин, жапон, үнді, араб, орыс халықтарының ұлттық киімдері көрсетілген. Солардың ішінен Шығыс халықтарының киімін ажырат. Өз ойыңды айт.



1



2



3



4



5



6



- Суреттерде орыс, қытай, жапон, үнді, араб халықтарының музыкалық аспаптары берілген. Солардың ішінен Шығыс халықтарының аспаптарын анықта. Өз ойыңды айт.



- Осы аспаптарда орындалған халық музыкасының үзінділерін тыңда және пікіріңмен бөліс.
 - Қытай халқының пипа аспабында;
 - Жапон халқының кото аспабында;
 - Үнді халқының ситар аспабында;
 - Араб халқының думбек-дарбук аспабында.


Талқыла (жалғасы).

- Картаға қарап, жауап бер. «Ұлы Жібек жолы» қытай, жапон, үнді, араб елдері арқылы өте ме?
- Бұл елдер туралы не білесің? Өз ойыңды айтып бер.
- Оларды не біріктіреді?
- Бұл елдерде қандай музыкалық дәстүр бар?
- Бұл елдер несімен танымал?
- Аталған елдердің өнер саласындағы қандай танымал адамдарын білесің?

?!



?! Ән үйрен және орында.

 **Сакура (Шие)**
(жапонның халық әні)

Қазақ тіліне аударған: А. Жәкеева



Нәзік сезіммен



Шешек атты шие!
Салсам жанар жан-жаққа.
Аспан асты саябақ,
Желпіп өтсе жел-дағы.

Қызғыш мұнар тербелер...
Шешек атты шие!
Шешек атты шие!



Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі

(жалғасы)

?! Идеялар мен материалдар жина.

«Қай халықтың музыкасы?»

(музыкалық викторина)

Шарты. Оқушылар алдыңғы сабақта танысқан музыкалық үзінділерді қайта тыңдап, таныстырылым слайдын немесе бейне-жазбаларды қарап, мына тапсырмаларды орындайды:

- әр шығарманың көңіл күйін;
- шығарма қандай ұлттық аспапта орындалғанын анықтайды;
- орындаған аспапты қандай аспаптар тобына (классификация бойынша) жатқызуға болатынын;
- танысқан Шығыс халықтарының аспаптары қазақтың қандай ұлттық аспаптарына ұқсайтынын;
- әр оқушы халық аспаптар оркестрін құрамын деп қиялдап, қандай аспаптарды таңдап алуға болатынын айтады.

?! Шығармашылық жұмыс.

«Шығыс биін үйренейік»

Шарты. Оқушылар Шығыс халықтарының би туралы бейне-жазбаларын көріп, «Үнді биі», «Қытай биі», «Жапон биі» деген топтарға бөлініп, бірнеше қимылды үйренеді. Тапсырманы орындап болған соң сыныптастарына:

- таныстырылым жасайды;
- дайындаған бидің орындалу сапасын өзара бағалайды;
- әр оқушы билеу кезінде жасаған сапалық үлесін өзі бағалайды.



Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі

«Жібек жолы – Еуропа»

(виртуалды саяхат ойыны)

Ойынның шарты. Үздік оқушылар сыйлық ретінде «Жібек жолы» саяхат бағдарламасы бойынша көктемгі демалыс кезінде Еуропа елдерін шарлап, сапарға шықты. Бірінші тоқтаған жерлері – Германия елінің астанасы – Берлин қаласы.



Дәл сол кезде қаланың орталық концерттік залында «Еуропа халықтарының ұлттық музыкасы» атты конкурс басталған екен. Сахнаға шығып, үстерінде ұлттық киімдері бар, қолдарына музыкалық аспаптар ұстаған әр халық ән шырқап және би билеп, өнерлерін көрсетіп жатты. Біздің саяхатшы-оқушыларға өте ұнағаны – төрт халықтың өнері.


- Елдердің дұрыс атауын тауып, торкөздерді толтыр.

Г я

А я

И я

И я



Тыңда және талда.

- Аталған елдердегі халықтардың музыкасын тыңда және бейнежазбаны көр:
 - неміс халқының музыкасы;
 - Австрия халқының музыкасы;
 - Италия халқының музыкасы;
 - испан халқының музыкасы.
- Тыңдаған музыка қай елге және қай халыққа тән?
- Музыкасын тыңдап, бейнежазбадан көрген билердің көңіл күйлері қандай?
- Қандай таныс аспаптың үнін естідің? Өз ойыңды айтып бер.
- Австрияның, неміс, итальян және испан халықтарының ұлттық киімдері қандай? Ұқсастығы мен айырмашылығын анықта, өз ойыңды айтып бер.





Неміс халқының
ұлттық киімі



Австрия халқының
ұлттық киімі



Италия халқының
ұлттық киімі



Испания халқының
ұлттық киімі

- Германия, Австрия, Италия және Испания елдерінің келесі беттегі Еуропа картасында орналасуын көрсет, өз ойыңды айт.
- Осы елдердің астаналарын атап бер.





**У каждого свой музыкальный инструмент
(эстон халқының әні)**

Орыс тіліне өңдеген: М. Ивенсен
Өңдеген: Х. Кирвите

Жылдам

1. Взял во-лын-ку наш со-сед, Он иг-ра - ет с ма-лых лет, Он иг-ра - ет: ти-ри-лись, Зву-ки та - ют:
8 ти - ри - лись. Пиль, пиль, пиль, Ти - ри - лись, лиль, пиль, пиль, пиль, ти - ри - лись, лиль, пиль, пиль, пиль,
14 ти - ри - лись, лиль, пиль, пиль, пиль, ти - ри - лись. 2. Са - ша Са - уэ дуд - ку брал, Тан - ды все - ки -
3. Слы - шит пес - ню весь лу - жок, Э - то Ю - ку



20
 е иг-рал, Ти-ри-ли-ли, ти-ри-лиль, Поль-ку, валь-сы и кад-риль. Ту-ту-ту, ту-ру-ру-ру,
 взял ро-жок, Все дру-зья со-шлись в кру-жок, Ти-ри-лиль, и-грай дру-жок!

27
 ту-ту-ту, ту-ру-ру-ру, ту-ту-ту, ту-ру-ру-ру, ту-ту-ту, ту-ру-ру! Все тан-цу-ем,
 все по-ем, Все и-гра-ем, кто на чем, Все иг-ра-ем, все по-ем, Ти-ри-ли-ли, кто о чем!

34

1. Взял волынку наш сосед,
 Он играет с малых лет.
 Он играет ти-ри-лиль,
 Звуки тают ти-ри-лиль.

Қайырмасы:

Пиль, пиль, пиль, } 4 рет
 Тири-лиль, лиль.

2. Саша Сауэ дудку брал,
 Танцы всякие играл:
 Ти-ри-ли-ли, ти-ри-лиль,
 Польку, вальсы и кадриль.

Қайырмасы:

Ту-ту-ту...

3. Слышит песню весь лужок,
 Это Юку взял рожок.
 Все друзья сошлись в кружок,
 Ти-ри-лиль, играй дружок!

Қайырмасы:

Ду-ду-ду...



4. Все танцуем, все поем,
 Все играем, кто на чем;
 Все играем, все поем,
 Ти-ри-ли-ли, кто о чем!

Қайырмасы:

Ду-ду-ду...

Пиль, пиль, пиль...


Ту-ту-ту...

?!

Әнді үйрен және орында.

- Әнде не туралы айтылады? Әннің сөздерін қазақ тіліне аударып, өз ойыңды айтып бер.
- Әнге билеуге бола ма?
- Әннің қайырмасын мұғаліммен бірге қосылып, екі дауыста орындап көр.
- *Қайырмасы, шумақ* деген сөздерді орыс және ағылшын тілдеріне аудар және сыныппен бірге аударманы дауыстап қайтала.

Ән $\frac{3}{4}$ өлшемінде орындалады.



- Бұл өлшемге вальс биін билеуге болады.
- Мұғалімнің қолына қарап, өлшемді оң қолыңмен бірге сермеуді үйрен. Суретте көрсетілген үшбұрышқа ұқсатып, оң қолыңмен келесі қимылдарды жаса: жоғарыдан – төмен, оң жақтан – сол жаққа, төменнен – жоғары. Үйренгеніңше осылай бірнеше рет қайтала.
- Әнді орындағанда $\frac{3}{4}$ өлшемге дирижерле.





23-сабақ

Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі (жалғасы)


Тыңда. Ақпарат ізде.

Өткен сабақта тыңдаған музыкалық үзінділер мен бейнежазбаларды қайта тыңда. Мына тапсырмаларды орында:

- Германия, Австрия, Италия, Испания елдеріндегі музыкалық дәстүрлер туралы ақпарат іздеп, талдау жаса.
- Музыкалық аспаптардың ұқсастығы мен айырмашылығын тауып, өз ойыңмен бөліс.
- Өн орындау мәнерінде өзгешелігі бар-жоғын айт.
- Би өнеріндегі ерекшеліктер туралы мәлімет ізде.

?!

Неміс халқының музыкалық дәстүрі

 Неміс халқы – музыкалық өнерге бай халықтардың бірі. Өнерлерінің ішінде өннің орны ерекше. Өн олардың өмір тіршіліктерінде, ұлттық дәстүрінде, мейрамдарында бірінші орында тұрады. Күнтізбелік салттары: масленица (қысты шығарып салу), астық мерекесі, үйлену тойлары және т.б. әнсіз өтпейді. Өндердің көпшілігі хор, би және аспаптар сүйемелдеуімен орындалады. Өндер негізінен табиғат, жануарлар, ауа райы, адам өміріне қатысты.

Өндердің түрі: *санамақтар, мазақтамалар, әзіл, ойын, би және хор әндері.*

Халық билерінің тарихы көне заманнан келе жатыр. Билер неміс халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты. Олардың ішінде *рейнлендлер* мен *полька* кең таралған. Польшадан келген *мазурка* да сүйікті билердің бірі болды.

Музыкалық аспаптар неміс халқының тұрмыс-салтында үлкен орын алады. Олар: көне заманда пайда болған *свирель* (*сыбызғыға ұқсайды*), *флейта, цимбал, арфа, ксилофон, барабан, скрипка, контрабас* және т.б. аспаптары.

Неміс халқы қазір кең таралған ерекше бес музыкалық аспап ойлап шығарды. Бұл аспаптар қазір басқа халықтардың музыкалық өнерінде кеңінен қолданылады.



63



кларнет



гармонь



ерінмен
тартылатын
гармонь



альт
флейтасы



туба

Австрия халқының музыкалық дәстүрі

Австрия – музыкалық дәстүрлерге өте бай ел. Австриялық музыка мәдениеті неміс, славян, мажар (венгр), сыған, итальян және басқа халықтардың музыкалық мәдениетін байланыстырған. Бірақ Австрия халқы өздерінің ұлттық дәстүрлеріне қарай мүмкіндігінше музыкалық өнерін сақтауға тырысты.

Австрия халқының музыкалық аспаптарына мынандай аспаптарды жатқызуға болады:



цитара



Альпі горны



варган




флюгельгорн

Салыстыр.

- Австрия халқының музыкалық аспаптарына ұқсас басқа халықтардың сен білетін ұлттық аспаптары бар ма? Салыстыр, өз ойыңды айтып бер.
- Осы аспаптарды топтастырғыш бойынша қандай түрге жатқызуға болады?

?!

 Австриялықтар өздеріне тән ерекше, Тироль жерінде пайда болған йодль әндерімен мақтанады. Йодль орындаушылары әнді айтқан кезде дауысын төмен регистрден жоғары регистрге тез және асқан ептілікпен өзгертеді.

Йодль – Тироль малшыларының әні.




Австриялық полька-полянка
(австриялық халық би-әні)



Тыңда және зертте.

- Ән орындау мәнеріне көңіл бөл.
- Йодль орындау мен көмеймен орындауда ұқсастық немесе айырмашылық бар ма?
- Йодль түрінде қалаған әуенді орындап көр және өз ойыңды айтып бер.

 Австрияда ұлттық би өнері қашанда ерекше орын алған. Лендлер, полька, вальс билері халық арасында кең тараған.

Бұрынғы кезде австриялық шаруалар демалыс күндерінде үнемі лендлер биін билегенді жақсы көрген екен. Бірақ талай заман өткенде лендлер биі вальс биіне айналған. Сонымен вальс – халықтың ең сүйікті билерінің бірі. Бұл би барлық Еуропа халықтарының арасында да танымал болып, жоғары дәрежеге жеткен. Көптеген композиторлар вальс биіне музыка жазған. Дегенмен олардың ішінде тек И. Штраус «вальс королі» деген атаққа ие болған.

Вальс – «вальсен» (айналу, айналдыру) деген неміс сөзінен шыққан.





Иоганн Штраус (1825–1899) – атақты австриялық композитор, дирижер, скрипкашы. Көптеген би шығармаларының және әйгілі оперетталардың авторы. «Весенние голоса», «Сказки Венского леса», «На прекрасном голубом Дунае» вальстері әдемі нақышпен баурап алады.

И. Штраус шығармалары Австрия халық музыкасының ырғағы мен әуендерінен бастау алған.



«Весенние голоса»
(«Көктемгі дауыстар»)
(үзінді)

Музыкасын жазған: И. Штраус

Тыңда және зертте.

- Композитор бұл вальсті неге «Весенние голоса» («Көктемгі дауыстар») деп атаған?
- Вальс орындалғанда көз алдында нені елестеттің?
- Вальстің нақышы қандай сезімдерді оятады?
- Вальсті қайталап тыңдағанда $\frac{3}{4}$ өлшемге дирижерле.



Музыканы шығару және суырыпсалу дайындығы.

- Өзіңді композитормын деп сана, қиялда және ойлан.
- Өз тобыңмен бірге «Би музыкасынан поурри» тақырыбында музыкалық композиция құрастыруға дайындал. Осы сабақта танысқан қажетті мәліметтерді таңдап ал және құрастыру реттілігін жоспарла.



Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі
(жалғасы)

Италия халқының музыкалық дәстүрі

Италия елі «музыка өнерінің бесігі» деп аталған. Себебі, музыканың түрлі саласы алғаш рет Италияда дамыған.



Ежелгі Римнің музыкалық мәдениеті итальяндық музыканың қалыптасуына үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар итальяндық музыка мәдениетінің ең басты құрастырушысы – халық әндері мен билерінің мол әуенділігі.

Итальян халқының музыкалық шығармашылығы өртүрлі жанрмен сипатталады. Олардың халық әндері өте әдемі және сазды. Әндердің ырғағы мен мазмұны Италия жеріндегі аймақтардың ерекшелігіне байланысты.

Әлемге танымал болған неополитан әндері ерекше әсемдігімен, сезімталдылығымен баураған. Әндердің атауы Неаполь қаласының атына байланысты шыққан. Мысалы, Венеция жеріндегі гондольерлердің (қайықшылар) баркарола әуендерінің ырғағы бірқалыпты, су бетінде қайықпен қалқып жүзіп келе жатқандай сазды нақышта орындалады. Көптеген танымал классикалық композиторлар итальян әндерінің әсемдігіне таңғалып, өздерінің шығармаларында пайдаланған. Солардың ішінде, француз композиторы Жак Оффенбах «Гофман ертегілері» операсында баркарола нақышында музыка жазған.



Barcarolle


(«Гофман ертегілері» операсынан үзінді)

Музыкасын жазған: Ж. Оффенбах



Тыңда. Ақпарат ізде.

- Музыка қандай әсер қалдырды?
- Музыканың көңіл күйін сен қандай сөздермен анықтай аласың?

 Итальяндықтар би билеуді де жақсы көреді. Ең сүйікті билерінің бірі – «Сицилия тарантелласы». Бұл би Сицилия аймағында пайда болған. Бидің ерекшелігі – жылдамдық, қарапайым би қимылдары және ырғақтық сезім.



Шығармашылық ойын.



Сицилия тарантелласы

(үзінді)

Ойынның шарты. Өзің «Мен атақты бишімін!» деп қиялдап көр. Тыңдаған «Сицилия тарантелласына» қандай би қимылдарын қосып билеуге болады? Көз алдыңа билегеніңді елестетіп, таңдаған қимылдарыңды сал.

Дайындық кезеңінде түрлі ырғақтардың үлестірме парақшаларын, ұрмалы-сілкімелі шулы аспаптарды пайдалан. Дайындаған биді өз тобыңмен бірге орында.



Итальян тарантелласы

?!

- «Итальян тарантелласы» жалынды, жылдам, көңілді немесе асықпай, байсалды орындала ма?
- Осы биді қандай музыкалық аспаптармен сүйемелдеп билеуге болады?
- Өзің дайындаған би қимылдарымен бұл биді билеуге бола ма?

Итальян халқы мейрамдарда, демалыста әртүрлі ұлттық музыкалық аспаптарда ойнайды. Солардың ішінде, *китаррон*, *мандола*, *мандолина*, *тамбурин*, *кастаньет* музыкалық аспаптары ең көп қолданылады.

мандола



тамбурин



китаррон



мандолина



кастаньет

Баркарола – итальян сөзі, «барка» – қайық деген сөзден шыққан. Баркарола «қайықшының әні» деген мағынаны білдіреді.

Тарантелла – итальян халық биі. Гитара, тамбурин, кастаньет аспаптарының сүйемелдеуімен орындалады.

?! Тыңда. Ақпарат ізде.

Испан халқының музыкалық дәстүрі

Испан халқының музыкасы өте көне заманнан бастау алған. Халықтың өмірінде ән мен би ерекше орын алады. Шетелдік зерттеуші музыканттар үнемі испандықтардың әншілік-поэтикалық және бишілік-суырыпсалма өнерлеріне тамсана таңданумен келеді.

Испан халық музыкасының керемет байлығы, сұлулығы, көркемдігі әлемге танымал көптеген композиторларды, әншілер мен бишілерді қызықтырған. Композиторлар өздерінің шығармаларында испан халық әуендерін, билерін кең пайдаланған.

Испан халық музыкасының ерекшелігі елдің аймақтарымен байланысты. Мысалы, Андалузия жерінде туындаған **фламенко** жанры дәстүрлі андалуз халық музыкасына жатады. Ол үш түрде: ән, би және гитарамен орындалады.

Испан халқы музыкалық аспаптарға да бай. Солардың ішінде, **гитара** (алты темір ішекті), **кастаньет**, **бандуррия** (мандолина сияқты), **пандерос** (даңғыра сияқты) – сүйікті аспаптары.



гитара



пандерос




кастаньет



бандуррия



 Испан халқының әндері мазмұны (бесік жыры, балалар, еңбек, тарихи, діни, лирикалық, ән-би) мен аймақ бойынша бөлінеді. Халық әндерінің көпшілігі би ырғақтарына жазылған. Сондықтан ән мен би бірге орындалады.

Би испан халқының жүрегі деп айтуға болады. Себебі, олар ұлттық және тұлғалық қасиеттерін, талғамын, жігер мен ырғақты сезінуін, музыкалық қабілетін би арқылы көрсетуге тырысады. Испан билерінің түрлері өте көп, олар салт және ойын-сауық билері деп бөлінеді. Билердің ішінде аса танымал, испан халқының дәстүрі мен мәдениетін көрсете алатын **фламенко** биінің орны ерекше.



Испан халқының фламенко биі

(үзінді)



?!

- Бейнежазба көріністерінен бишілер көңіл күйін байқауға бола ма?
- Олардың көңіл күйін, билеу тәсілін қандай сөздермен сипаттауға болады?
- Биді қандай аспаптар сүйемелдеді?



Фламенко – Андалузия (Испания) аймағының дәстүрлі музыкалық би стилі. Ол ән салу, билеу және музыкалық сүйемелдеумен бірігіп орындалады.

Фламенко биі мен әнін гитара немесе кастаньетпен, қол шапалағын ырғақты соғу арқылы және аяқпен де тақылдатып сүйемелдейді.

Музыканы шығару және суырыпсалу дайындығы.

?!

- Компьютер бағдарламасын қолдана отырып, «Би музыкасынан попури» тақырыбында өз тобыңмен музыкалық композиция құрастыр.

Әнді үйрен және орында.



До-Ре-Ми

(«Музыка дыбыстары» мюзиклінен)

Музыкасын жазған: Р. Роджерс
Сөзін аударған: Ш. Құлманова

Мұғалім

Оқушылар

Do - ma - jor - dy ай - тай - ық, Ре ды - бы - сы - мен бір - ге Ми ды -

Do - - - - Ре - - - - Ми -

10

бы - сын ұ - мыт - пай, Фа - мен жал - ғас - ты - ра - мыз. Соль - кө - ніл - ді бо - рі - міз

Фа - - - - Соль - - - -



20

Ля - куа - ныш - ка то - ла - мыз Си - ән -

Ля - - - - - Си -

26

де - тіп, шыр-қай - мыз. Қай - та До - ға ке - ле - міз.

До

Қазақ тілінде

До-мажорды айтайық,
Ре дыбысымен бірге.
Ми дыбысын ұмытпай,
Фа-мен жалғастырамыз.
Соль – көңілді бөріміз,
Ля – қуанышқа толамыз.
Си – әндетіп шырқаймыз,
Қайта До-ға келеміз.

Ағылшын тілінде

Doe, a deer, a female deer,
Ray, a drop of golden sun,
Me, a name I call myself,
Far, a long, long way to run,
Sew, a needle pulling thread,
La, a note to follow Sew,
Tea, a drink with jam and bread,
That will bring us back to Do.

Орыс тілінде

До – как дом, наш славный дом,
Ре – как регби по утрам,
Ми – как миска для kota,
Фа – фазан, что спит в лесу,
Соль-ю мы приправим суп,
Ля – как лямка от штанов,
Си – сироп пей, будь здоров!
И вернемся снова к «до».



25-сабақ

Жобаны құрастыру және дайындау

?! Идеялар мен материалдар жина.

- Жобаға ұсынылған нұсқалардың бірін таңда.

1-нұсқа

«Халық музыкасының фестивалі»

Әр топ өз таңдауы бойынша өз дауысын және музыкалық аспаптарын пайдалана отырып, «Халық музыкасының фестиваліне» ән, би дайындайды.

2-нұсқа

Әр топ өз таңдауы бойынша кейбір түркі халықтарының (қазақ, өзбек, башқұрт, қырғыз) бір салт-дәстүрін көрсетеді.

?! Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.

- Сабақтарда үйренген мына әндерді мәнерлі, көркем орындауды үйрен: «У каждого свой музыкальный инструмент» (*Эстон халқының әні. Орыс тілінде өңдеген: М. Ивенсен*). «До-Ре-Ми» (*«Музыка дыбыстары» мюзиклінен. Музыкасын жазған: Р. Роджерс*).



26-сабақ

Жобаны таныстыру

?! Музыкалық білімді (терминдер, түсініктер т.б.) және орындаушылық дағдыларыңды пайдалан.

Дайындаған шығармашылық жұмысыңды сыныптастарыңа таныстыр және өзіңді (басқаларды) бағала.

Талап бойынша: әр топ өз шығармашылық жұмысын көрсетеді.

Өз көрсетіліміңді бағала:

Не жақсы шықты?

Нені жақсартуға болады?



73

БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР

Тест сұрақтары

1. Түркі халықтарына жататын ұлттар:
 - A. хакас, тува, өзбек
 - B. хакас, қытай, орыс
 - C. украин, қырғыз, көріс
 - D. башқұрт, молдаван, түрік
 - E. итальян, қазақ, қырғыз

2. Көмеймен ән салатын халық –
 - A. испан халқы
 - B. хакас халқы
 - C. неміс халқы
 - D. көріс халқы
 - E. орыс халқы

3. Қурай –
 - A. орыс халқының төл аспабы
 - B. башқұрт халқының аспабы
 - C. көріс халқының аспабы
 - D. испан халқының аспабы
 - E. белорус халқының аспабы

4. Игил –
 - A. көріс халқының төл аспабы
 - B. испан халқының аспабы
 - C. тува халқының аспабы
 - D. башқұрт халқының аспабы
 - E. араб халқының аспабы

5. Музыкалық дәстүр –
 - A. Австрияда пайда болған ән орындау түрі
 - B. тува халқының ән орындау түрі
 - C. испан халқының музыкалық аспабы
 - D. грузин халқының биі
 - E. әр халықтың аспаптық және әншілік музыкалық өнері

6. «Сакура» –
- A. қытай халқының өні
 - B. итальян халқының өні
 - C. жапон халқының өні
 - D. башқұрт халқының биі
 - E. араб халықтарының өні
7. И. Штраус –
- A. үнді халқының композиторы
 - B. Австрия халқының композиторы
 - C. молдаванның атақты композиторы
 - D. хакас халқының композиторы
 - E. музыка зерттеушісі
8. Йодль –
- A. араб халқының аспабы
 - B. итальян халқының биі
 - C. Австрияда пайда болған өн орындау түрі
 - D. қытай халқының аспабы
 - E. тува халқының өн орындау түрі
9. Тарантелла –
- A. испан халқының музыкалық аспабы
 - B. неміс халқының киімі
 - C. қытай музыкалық аспабы
 - D. өн орындау түрі
 - E. итальян халық биі



**Бөлімнен:**

- Қазақстандағы (орыс, украин, грузин, әзербайжан, татар, ұйғыр) ұлттардың музыкалық дәстүрінің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуды;
- Қазақстандағы ұлттардың ұлттық музыкалық аспаптарын ажыратуды, ойнау әдісін түсінуді;
- Қазақстандағы ұлттардың би түрлерін және билеу ерекшелігін түсінуді;
- нотамен қарапайым әуенді орындауды;
- патриоттық әндерді орындауды

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- Қазақстандағы ұлттардың музыкалық аспаптарының түрлері мен дыбыс бояуы;
- орыс халқының әні мен биі;
- украинның халық биі – гопак;
- грузин халқының көпдауысты ән орындауы мен биі;
- әзербайжан ашугы;
- татар халқының әні мен биі;
- ұйғыр халқының биі;
- патриоттық музыка.

Терминдер мен ұғымдар:

- ән-би – песня-танец – dance song;
- халық әні – народная песня – folk song;
- халық биі – народный танец – folk dance;
- ашуг – ашуг – ashough;
- дастан – дастан – dastan;
- саз – мелодия – melody;
- кобзарь – кобзарь – kobsar;
- патриоттық ән (музыка) – патриотическая песня (музыка) – patriotic song (music);
- патриоттық (ұлтжандылық) сезім – патриотическое чувство – patriotic feeling.




Қазақстан халқының музыкасы

Славян халықтары



Тыңда және талқыла.

- Неге көпұлтты Қазақстанды «достық елі» деп айтады?
- Қазақстанда қандай халықтар тұрады?
- Қазақстан халықтарының мәдениетінде қандай ұқсастық пен айырмашылық бар?

 Қазақстанның жері кең-байтақ. Жеріміз қандай кең болса, халқымыздың жүрегі де, көңілі де сондай кең. Осындай киелі қасиет ата-бабалардан ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде беріліп келеді.

Қиын-қыстау кезеңдерде біздің жерімізге қаншама басқа ұлттар келіп қоныстанған. Оларды қазақ халқы құшақ жайып, бір жапырақ нанымен бөлісіп, бауырына тартты. Бұл – халқымыздың кеңпейілділігі, бақыты, болашағы.

«Бірлік бар жерде, тірлік бар» деп бекер айтпаған. Сондықтан елімізде түрлі ұлт өкілдері тіліне, дәстүріне, дініне қарамастан, бір шаңырақтың астында ынтымақта, бірлікте болашақтың негізін қалап жатыр.

Шығармашылық жұмыс.

«Жібек жолы – Қазақстан»


(виртуалды саяхат ойыны)

Ойынның шарты. Оқушылар Қазақстан бойынша Ұлы Жібек жолы бағытымен жазда саяхатқа шығудың жоспарын құруда. Олардың мақсаты – Жібек жолының бағытымен жүріп отырып, елімізде тұрып жатқан бауырлас халықтардың музыкалық өнерімен танысу және зерттеу. Жас зерттеуші-саяхатшылар қандай халықтардың өнерімен танысады?



- Халықтың дұрыс атауын тауып, торкөздерді толтыр.

о				с				
т				р				
ұ				р				
г					н			
у					н			
ө								н



Ақпарат ізде, талқыла.


- Өз тобыңмен бірге таңдаған халықтардың музыкалық өнері туралы ақпарат ізде.
- Олардың музыкалық өнерінің ұқсастығы мен айырмашылығын топпен бірге талқыла, пікіріңмен бөліс.

Музыка тыңда.



Во поле береза стояла
(орыс халқының ән-биі)



 **Орыс халқының** музыкалық өнері көне замандағы шығыс славян тайпаларының фольклорынан туындаған. Біздің өнеріміз сияқты олардың дәстүріне, әдет-ғұрпына байланысты шыққан әндері мен билері өте көп. Оларда бесік жырлары, төрт түлікке, табиғатқа арналған әндер аз емес. Соның ішінде, **күңтізбелік, лирикалық, частушкалар** (тақпақ түрінде айтылатын өзіл ән) орыс халқының өмірінде ерекше орын алады. Бірде-бір мереке әнсіз, бисіз өтпейді. Би билей жүріп, ән шырқау дәстүрі кең тараған. Осындай әндер қатарын би-әндер (плясовая песня) деп атайды.

Ән-би дегеніміз орындаушы би билей жүріп, ән айтатын жанр.

Орыс халқының дәстүрлі музыкалық аспаптары өте көп. Олар мерекелерде **ішекті** (балалайка, гусли, домра), **ұрлемелі** (дудка, жалейка, рожок), **ұрмалы-сілкімелі** (бубен, барабан, қасықтар) аспаптарды жиі қолданады. Халықтың сүйікті аспаптарының бірі – гармонь (сырнайдың түрі).



балалайка



гусли



дудка




гармонь



қасықтар (ложки)



 Орыс халқының тұрмысына және музыкалық дәстүріне *украин халқы* жақын.

Украина жерінің табиғат сұлулығындай музыка өнері де сондай тартымды. Украин халқына тән қасиет – музыкаға деген әуесқойлық пен сүйіспеншілік, әншілік өнер.

Халықтың күнтізбелік әндері, түрлі жанрдағы – еңбек, салт-дәстүр, сиқырлау, табиғат, жануарлар туралы және т.б. әндері, *тарихи, лирикалық, әзіл, хоровод әндері және думалар* (жырдың бір түрі) кең тараған.


Украиндықтардың думасы – драмалық немесе лирикалық хикая. Олардың ішінде көбісі тарихи оқиғаларға негізделеді. Думаларды шығаратын және орындайтын – халық ертекшілері (жыраулардың бір түрі). Оларды *кобзарь* деп атаған. Сүйемелдейтін аспабы – *кобза (бандура)*. Бандурада ойнайтын музыканттарды *бандурист* деп атаған.


Бұл халықтың музыкалық аспаптары өте көп. Мерекелерде *бандура, скрипка, бубен, волынка, гусли, свирель* аспаптары ойналады.



Кобзарь – думаларды (жырдың бір түрі) шығаратын және орындайтын халық ертекшілері.




 Украин халқы би билегенді жақсы көреді. Олардың дәстүрінде көптеген халық билері бар. Бірақ солардың ішінде гопак пен казачок билері ерекше орын алады.

 **Гопак**
(украин халқының биі)



Гопак – өте көңілді, жігерлі, жылдам, түрлі би қимылымен орындалатын украин халық биі.

Музыка тыңда.

- 
- Орыс және украин халықтары билерінің музыкасында айырмашылық бар ма?
 - Тыңдалған музыка үзінділері қандай көңіл күйді сипаттайды?
 - Орыс және украин халықтарының қандай музыкалық шығармалары ең танымал болып саналады?
 - Осы екі халықтың музыкалық аспаптарының айырмашылығы мен ұқсастығын сипаттап бер.

**Во поле береза стояла***(орыс халқының би-әнінен үзінді)*

Во по-ле бе - ре - за сто - я - ла, Во по-ле куд-ря-ва-я сто - я - ла,



Лю - ли, лю - ли, сто - я - ла. Лю - ли, лю - ли, сто - я - ла.

1. Во поле береза стояла,
Во поле кудрявая стояла,
Люли, люли, стояла.
Люли, люли, стояла.
2. Некому березу заломати,
Некому кудряву заломати,
Люли, люли, заломати.
Люли, люли, заломати.
3. Я пойду, пойду, погуляю,
Белую березу заламаю,
Люли, люли, заламаю.
Люли, люли, заламаю.
4. Срежу я с березы три пруточка,
Сделаю из них три гудочка,
Люли, люли, три гудочка.
Люли, люли, три гудочка.
5. А четвертую балалайку,
А четвертую балалайку,
Люли, люли, балалайку.
Люли, люли, балалайку.



6. Стану в балалайку я играти,
Стану в балалайку я играти,
Люли, люли, играти.
Люли, люли, играти.

Әнді үйрен және орында.

?!

- Әннің мазмұнында не туралы айтылатынын анықтап ал.
- Әннің әуені мен сөзін ән орындау талабымен айт.
- Әннің бірінші жолын нотаға қосып, сыныппен бірге асықпай орында.
- «Во поле береза стояла» атты ән мен бидің айырмашылығы мен ұқсастығын анықта.




Қазақстан халқының музыкасы (жалғасы)

Кавказ халықтары

Ақпарат ізде, талқыла.

?!

- Кавказ жөнінде естігенің бар ма?
- Кавказ деген сөз нені білдіреді?
- Қандай кавказ халықтарын білесің?
- Кавказ халықтарына қандай мінез-құлық тән?
- Олардың қонақжайлығы, еңбекқорлығы, батырлығы туралы естігенің бар ма?

 **Кавказ** – таудың аты және Каспий мен Қара теңіз арасында қоныстанған үлкен ел.

Оның шыңдары биік, таулары асқақ. Біздің Алатау, Алтай тауларына ұқсайды. Табиғаты өте әсем. Онда әртүрлі ұлт өмір сүреді, әрқайсысының өз мәдениеті, әдет-ғұрпы, дәстүрі бар. Кавказ халқының музыкасы терең ойлы әрі қарқынды. Қазақстандағы кавказдықтар өз асыл мұраларын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келеді.

Кавказ халқы – көпұлтты. Олардың өмір-салты, мәдениеті бір-біріне жақын. Музыкалық дәстүрі бойынша да көп ұқсастығы бар.



- Төменде берілген сөздерден кавказ халқының ұлттық атауларын тауып, торкөздерге жаз.

Ә									Н
---	--	--	--	--	--	--	--	--	---

К								Н
---	--	--	--	--	--	--	--	---

Б						Р
---	--	--	--	--	--	---


Г						Н
---	--	--	--	--	--	---

О						Н
---	--	--	--	--	--	---


И					Ш
---	--	--	--	--	---

А					Н
---	--	--	--	--	---

Ш					Н
---	--	--	--	--	---



- Кавказ халқының ұлттық дәстүрі мен мәдениетінде көп ұқсастықтар бар ма? Олар халық өндерін орындауды, билеуді, музыкалық аспаптарда ойнауды жақсы көре ме? Мысалдар келтір.
- Олардың музыкасы қандай? Ырғақты, қарқынды, ширақ, көркем, отты ма, әлде жай, нәзік, биязы ма?
- Осы және жоғарыда берілген сұрақтарды өз тобыңмен таныстырылымға дайындық жасау кезінде пайдалан.

 **Грузин** халқының музыкасы әзербайжан мен армян халықтарының музыкасынан өзгеше. Ежелден грузин музыкасы көпдауысты. Хор музыкасы тек бірыңғай ерлердің немесе бірыңғай әйелдердің орындауында айтылады. Аралас



хор болмаған. Әдетте грузин әні үш дауысқа бөлініп айтылады. Грузин халық музыкасының тағы бір ерекшелігі: грузин әндері көбінесе сүйемелдеумен орындалады. *Зурна*, үш ішекті *пандури* және төрт ішекті *чонгури* деп аталатын халық аспаптары бар.

Грузиннің халық әні үш дауысқа бөлініп орындалады.



Лезгинка

(грузин халқының биінен үзінді)



Грузин халқының «Лезгинка» биі көпшілікке жақсы таныс. Оның билеушілерді қыздыра ойналатын ырғағы тыңдаушыларды бейжай қалдырмайды.





Музыка тыңда, талда.

- «Лезгинка» биінің ерекшелігі неде?
- Бишілер қандай көңіл күймен билейді деп ойлайсыңдар?
- Бұл биді танымал деп санауға бола ма?



Гандагани

(аджар халқының әнінен үзінді)



Аджария – Грузия еліндегі ең шырайлы жерлердің бірі. Ол Қара теңіз жағалауында орналасқан. Грузин халқы христиан болса, аджарлықтар – мұсылмандар. Олардың төл тілі – мемлекеттік грузин тілі.




Ақпарат ізде, талқыла.

- Бейнежазбаны қарап көр. Әнді қандай хор орындайды: ерлер, әйелдер немесе аралас хор?
- Әншілер хорды неше дауыста (біреу, бірнеше) орындайды?
- Олар қандай музыкалық аспаптармен өз шығармаларын сүйемелдейді? Ақпарат ізде, тобыңмен талқыла.



Әзербайжан халқы – өте өнерлі халық. Әндері әсем сазды. Негізінен, олар грузин халқы сияқты емес, әнді бір дауыспен айтады. Әуенін нақышпен, әсерлей отырып, түрлі бояулармен орындайды. Әнді бұлай орындау әркімнің қолынан келе бермейді. Әзербайжан халқы әншілерін **ашуг** деп атайды. Ашуг – ақын, композитор, орындаушы. Ол әннің сөзі мен әуенін шығарады, билеп жүріп, аспаппен орындайды. Аспап **саз** деп аталады.

Бұрын әзербайжан халқы ашугтарды «Ел анасы» деп атаған. Себебі, олар халықтың мүддесін, бостандықты қорғаған, туған еліне сүйіспеншілігін жырлаған. Ашугтар шығармашылығында тарихи-батырлық, эпикалық дастандар үлкен орын алады. Мысалы, біздің қазақ жырауларының дәстүрінде бар «Көрұғлы» жырында және әзербайжанның «Көрұғлы» дастанында көне заманда халықты қорғаған батырдың қаһармандығы туралы жырланған.





Әзербайжан ашугтарының өнері (үзінді)

Музыка тыңда, талда.

?!

- Ашугтар мен қазақ жырауларының өнерін салыстыр. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тап.
- Ашугтар өз орындауын қандай музыкалық аспаптармен сүйемелдейді?
- Сен, мысалы, ашуг болсаң, қандай мәселелер туралы жырлайтын едің?

Әзербайжан халқының музыкалық аспаптары



саз



тар



кеманча



чаган



нагара

Әзербайжан халқы және кәсіби композиторлары балаларға арнап көптеген әдемі әндер шығарған. Соның бірі – «Шөжелерім» әні. Бұл ән біздің елімізде кең тараған және барлық жастағы балалардың ең сүйікті әндерінің бірі ретінде жиі орындалып жүр.




?! Ән үйрен, орында.

Шөжелерім

Әнін жазған: Г. Гусейнли

Өлеңін жазған: Т. Мутпалибов

Аударған: М. Әлімбаев



1. Шөп, шөп-шөп, шөжелерім,
Шөп-шөп, шөп-шөп, шөжелерім!
Мамық жүнді шөжелерім,
Нәзік үнді шөжелерім.

Көк шалғында жайылым бар,
Тез, келіңдер, жайылыңдар.

Әй, менің шөжелерім,
Әй, менің шөжелерім,
Мамық жүнді шөжелерім.



«*Ашуг*» әзербайжан халқында «ақын», «композитор», «орындаушы» деген мағынаны білдіреді.

Дастан – музыкалық-поэтикалық жанр. Ашугтар дастанда батырлардың жауынгерлік ерлігін, тарихи маңызды оқиғаларды, халықтың тіршілігін жырлайды.



Қазақстан халқының музыкасы (жалғасы)

Татар және ұйғыр халықтары

Қазақстан жеріне қоныс аударып келген халықтардың бірі – татарлар. Тарихи атамекендері Ресейдің орталығында болғанымен, олардың біразы қазақ жерінде тұрады. Ұлы Абай татар халық әндерінің сырнаймен ойналатын музыкасын көп тыңдаған. Әндері әсем әуенді, сұлу сазды болып келеді.

Ақпарат ізде, тыңда, талқыла.

- Татар халқының қандай ұлттық мейрамдарын білесің?
- Музыка және би өнерінің ерекшелігі қандай?
- Татар халқының қандай ұлттық музыкалық аспаптары бар?
- Қазақ халқының музыкалық аспаптарын татар халқының музыкалық аспаптарымен салыстыр. Ұқсастығын және айырмашылығын анықта, ақпарат ізде.
- Татарстан автономиялық республикасының астанасы қалай аталады? Ақпарат ізде, сыныптастарыңмен талқыла.



Алмағачлары (татар халқының әні)

Татар халық музыкасы басқа да халық мәдениеті сияқты көпғасырлық тарихи даму жолынан өтті. Кезінде музыкалық фольклор тұрмыста жиі қолданылған. Мысалы, жыл мезгілдерін қарсы алу және шығарып салу, жаңбыр шақыру, нанды салтанатпен қошеметтеу, «Сабан той», үйлену тойлары және т.б. осының бәрі де бір-бірімен тығыз байланысты. Музыкада адамдар өмірі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі айқын көрініс тапқан.





Татар халқының музыкалық фольклорын әншілік шығармашылық пен аспаптық музыкаға бөлуге болады. Әсіресе, әнде халықтың өмірі, оның көңіл күйі жақсы байқалады.

Аспаптық музыкаға келетін болсақ, бұл жерде де көп нәрсе ұлттық аспаптармен байланысты. Татар халқының музыкалық аспаптарына *гармонь-тальянка*, *курай* (сыбызғы түрі), *кубыз*, *скрипка*, *сурнай* жатады.

Татар халқының ұлттық музыкалық аспаптары



гармонь-тальянка



курай



кубыз



скрипка



сурнай





Ұйғыр халқының музыкасы өзбек музыкасына жақын. Ұйғыр халқының музыка мәдениеті халық дәстүрлерімен тығыз байланысты. Көп әндері тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне қатысты болып келеді. Сол сияқты табиғат, жыл мезгілдері және жан-жануар, құстар туралы әндері де баршылық. Бірде-бір тойлары би өнерінсіз өтпейді. Халық аспаптары да өзбектің музыка аспаптарына өте ұқсас. Ұйғыр халқы өнерін, мәдениетін аса құрметтеп, сақтай отырып, кейінгі жас ұрпаққа мұра етіп келеді.

• Бейнежазбадан «Ұшар» би ансамблінің орындауында «Ұйғыр биін» көр. Сыныптастарыңмен пікіріңді бөліс.



Ұйғыр биі

Шығармашылық жұмыс, зертте.

Өз тобыңмен мына тапсырмаларды орында:

- Қазақстанда тұратын халықтардың танымал шығармалары мен мәдениетінің ерекшеліктерін анықта және ақпарат ізде.
- Тобыңмен бірге осы тоқсанда өткен материалдардың ішінен қалағаныңды таңдап, таныстырылымға дайында.
- Дайындаған таныстырылымды сыныптастарыңа көрсет. Қазақстанда тұратын халықтардың ұлттық музыкалық ерекшеліктері туралы түсінік бер.
- Сабақ соңында өзіңнің және басқа топтағы оқушылардың жұмыстарын бағала.

?!



30-сабақ

Бір шаңырақ астында

Тыңда, талқыла, ақпарат ізде.


- Неліктен сабақ «Бір шаңырақ астында» деп аталады?
- Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы не білесің?
- Қазақстан халқы Ассамблеясы жайлы өз тобыңмен бірге ақпарат ізде.
- «Киностудия» және «Movie Maker» бағдарламасын қолдана отырып, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы таныстырылым дайында.
- Таныстырылым жоспарын құрастыр.

?!



91

Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы қысқа ресми мәліметтер

 **Қазақстан халқы Ассамблеясы** – 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган.

Бұл Ассамблея еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйымдастыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтауға, ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Қазір республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – мемлекеттік ұлттық саясатты жақсартуға және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру, Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

«Ассамблея» француз тілінде «жиналыс» дегенді білдіреді. Белгілі бір мәселелерді шешу немесе талқылауға арналған жиналыс.

Этнос – әлеуметтік тұтастықпен өзіндік қалыптасқан қарым-қатынасы бар қауым.

?! Ән үйрен және орында.



Шаңырақ

Өлеңін жазған: А. Рахметов
Әнін жазған: Н. Мирманов

1. Мекендеп мәңгі бақ басын,
Ұрпағың есте сақтасын,
Шаңырақ биік көтеріп,
Құраған елім отбасын!



Қайырмасы:

Бабамның ақтап сенімін,
Көркейіп өссін көңілің.
Шаңырағы шалқи берсінші,
Мәңгілік қазақ елінің.

2. Мейманға беріп төрінді,
Тыңдадың сал мен серінді.
Босағаң берік болсын деп,
Ақ бата бізге берілді.

Қайырмасы:

Бабамның ақтап сенімін,
Көркейіп өссін көңілің.
Шаңырағы шалқи берсінші,
Мәңгілік қазақ елінің.

3. Айбыным асқақ биік тұр,
Бар әлем басын иіп тұр.
Бір шаңырақ астында
Барлық ұлтты жиып тұр.

Қайырмасы:


Бабамның ақтап сенімін,
Көркейіп өссін көңілің.
Шаңырағы шалқи берсінші,
Мәңгілік қазақ елінің.



Өз елім

Талқыла.

- «Патриоттық» деген сөздің мағынасын қалай түсінуге болады?
- Қандай адамды патриот деуге болады?
- «Патриоттық» деген сөздің баламасы бар ма? «Ұлтжандылық», «отаншылдық» деп айтуға бола ма?
- Қандай музыканы «Патриоттық музыка» деп атауға болады?
- Патриоттық музыканы сен қалай сипаттар едің?





«Сарыарқа» күйі

Құрманғазы



?!

Музыканы тыңда және талда.

- Тыңдаған күйің қандай әсер қалдырды?
- Күй отансүйгіштік, отаншылдық сезімдерді қозғай ала ма?
- Алған әсеріңді мына сөздердің қайсысымен сипаттауға болады?

көңілді	мұңды	жігерлі	нәзік	жылдам
еркін	бақытты	байсалды	қарқынды	мереке-той
Отан	шетел	алтын дала	сары дала	сүйікті



Дарқан Дала

Өлеңін жазған: С. Мәуленов

Әнін жазған: С. Еркімбаев

Туған ел, өскен жер,
Биіксің еңселі.
Құшағым жетсе егер
Құшар ем мен сені.

Бұл әнді Қазақстанның атақты әншілері, халық әртістері – Бибігүл Төлегенова мен Ермек Серкебаев орындаған. Олар – біздің еліміздің, халқымыздың атын әлемге танытқан га-



жап өнер иелері. Өннің авторлары – танымал ақынымыз Сырбай Мәуленов және композитор Серік Еркімбаев.



- Музыка қандай әсер қалдырды? Өннің өуені мен өлеңі өннің мазмұнын, музыкалық бейнесін ашты ма?
- Өншілер орындауында өн қандай ой қозғады? Сенің ойыңша, олардың өн орындау мәнері адамды толғандыра ма?
- Бұл өн патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді оята ма?
- «Сарыарқа» күйінің және «Дарқан Дала» өнінің айырмашылығы мен ұқсастығы неде? Өз пікіріңді айт.
- Өнді қайталап тыңдағанда өуеніне іштей қосылып орында.
- Өннен алған әсеріңді мына сөздердің қайсысымен сипаттай аласың?

мақтаныш ету	ұлылық	көтеріңкі көңіл	сүйіспеншілік	бақыт
тыныштық	әсемдік	мұңдылық	көңілсіз	орташа
көңілді	жағымсыз	ұнады	ұнамады	бірлік

«**Патриоттық**» грек сөзінен аударғанда «отандас», «Отан» деген мағынаны білдіреді.

Патриоттық, ұлтжандылық сезімінің балама сөздері – «құрметтеу», «сыйлау», «сүю». Өз еліңе, халқыңа, тіліңе, өнеріңе құрметпен қарау, Отаныңды, жеріңді сүю, мақтан тұту. Адамдармен сыйластықта бейбіт қатар өмір сүру.



Ұландар жыры

Өлеңін жазғандар: А. Асылбек, Е. Зейіпхан
Өнін жазған: Ө. Бүшікова

1. Дарқан байтақ даланың,
Ардақты ата-ананың,
Бауырында өскен баламын,
Асқар таудай талабым.
Аяулы елім,
Аялап сені,
Бақыт табамын!





Қайырмасы:

Аспан мөп-мөлдір,
Көк ту көкпен бір.
Қыран шарықтап,
Ұлан төккен жыр,
Ей, асқақтай бер, елімнің өні!

2. Отан – атамекенім,
Мақтаныш етемін.
Бабаларым, жерімді
Берік қорғап өтемін.
Мәңгілік еліміз,
Жаңғырып жеріміз,
Жырлап өтеміз.

Қайырмасы:

Сардар баламыз,
Қанат қағамыз.
Заңғар биікке
Самғап барамыз.
Ей, асқақтай бер, елімнің өні! Ей!





Өнді үйрен және орында.

- Өнді өн орындау талаптары бойынша үйрен.
- Өнді мәнерлеп орында.
- Бұл өнді патриоттық өндер қатарына жатқызуға бола ма?
- Жасаған жұмысыңды бағала, ой-пікіріңмен бөліс.

Қосымша тапсырма.

- Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күніне байланысты өндерді зерттеп, топпен бірге концерт қою жоспарын құрастыр, дайындық жаса.



Жобаны жоспарлау және құрастыру

?! Өнге бейнекөрсетілім дайында.

1-нұсқа

«Ұландар жыры». Өлеңін жазғандар: А. Асылбек, Е. Зейіпхан, өнін жазған: Ө. Бүшікова. Өнге бейнекөрсетілім жаса.

2-нұсқа

«Шаңырақ» өніне (өлеңін жазған: А. Рахметов, өнін жазған: Н. Мирманов) «Киностудия» бағдарламасының көмегімен «Шаңырақ» тақырыбындағы музыкалық композиция құрастыр.



Жобаны таныстыру

?! Музыкалық біліміңді (терминдер, түсініктер т.б.) және орындаушылық дағдыларыңды пайдалан.

Дайындаған шығармашылық жұмысыңды сыныптастарыңа таныстыр және өзіңді (басқаларды) бағала.

Талап бойынша: әр топ өз шығармашылық жұмысын көрсетеді.

Өз көрсетіліміңді бағала:

Не жақсы шықты?

Нені жақсартуға болады?



БІЛІМНІ ДІ ТЕКСЕР



Тест сұрақтары

1. «Во поле береза стояла» –

- A. орыстың халық өні
- B. украин халық өні
- C. белорус халық өні
- D. грузин халық өні
- E. татар халық өні

2. Балалайка –

- A. өзбек халқының аспабы
- B. грузин халқының аспабы
- C. орыс халқының аспабы
- D. осетин халқының аспабы
- E. ұйғыр халқының аспабы

3. Бандура –

- A. орыс халқының өлеңі
- B. өзбек халқының аспабы
- C. итальян халқының биі
- D. украин халқының аспабы
- E. татар халқының өні

4. Гопак –

- A. дастандар орындайтын адам
- B. орыс халық биі
- C. украин халық биі
- D. Кавказ халқының биі
- E. ұйғыр халық биі

5. Лезгинка –

- A. грузин халық биі
- B. орыс халық аспабы
- C. украин халық өні
- D. әзербайжан халық биі
- E. қазақ халық биі

6. «Гандагани» –

- A. өзбек халқының биі
- B. аджар халқының өні



- С. грузин халқының аспабы
 D. татар халқының аспабы
 E. әзербайжан халық әні
7. Ашуг –
 A. өзбек халқының әншісі
 B. ақын, композитор, орындаушы
 C. әзербайжан халық композиторы
 D. ұйғыр халқының әншісі
 E. кавказ бишісі
8. Гармонь-тальянка –
 A. украин халқының аспабы
 B. грузин халқының аспабы
 C. қазақ халқының аспабы
 D. татар халқының аспабы
 E. әзербайжан халық аспабы
9. Ассамблея –
 A. француз тілінде «жиналыс» деген мағынаны білдіреді
 B. «ансамбль» сөзінен шыққан
 C. хормен ән орындау талабы
 D. би билеудің түрі
 E. аспаптарда ойнау тәсілі
10. Патриоттық –
 A. итальянның «бірге» сөзінің мағынасын білдіреді
 B. орыстың «алға» сөзінің мағынасын білдіреді
 C. грек сөзі, «отандас», «Отан» деген мағынаны білдіреді
 D. француз тілінде «бірлік» деген сөзді білдіреді
 E. ағылшынның «бірінші» сөзінен шыққан
11. «Сарыарқа» –
 A. Дәулеткерейдің күйі
 B. Құрманғазының күйі
 C. Динаның күйі
 D. Сейтектің күйі
 E. Мәдидің күйі
12. «Алмағачлары» –
 A. өзбектің халық әні
 B. ұйғырдың халық әні
 C. әзербайжан халық әні
 D. аджар халқының әні
 E. татардың халық әні



ГЛОССАРИЙ

- Ақын** – өлең, жыр айтып не жазып шығаратын өнер иесі.
- Алматы** – Қазақстанның ең үлкен, әдемі қаласы. Қала Іле Алатауы тауының баурайында орналасқан.
- Астана** – Қазақстан Республикасының елордасы. Қала Қазақстанның орталығында, Есіл өзенінің жағасында орналасқан.
- Ассамблея** – француз тілінде «жиналыс» дегенді білдіреді. Белгілі бір мәселелерді шешу немесе талқылауға арналған жиналыс.
- Австрия халқы** – Австрия Республикасының байырғы тұрғындары, астанасы – Вена қаласы.
- Ашуг** – әзербайжан халқында «ақын», «композитор», «орындаушы» деген мағынаны білдіреді.
- Ән** – вокалдық жанр, яғни адамның дауысымен орындалатын музыка.
- Ән-би** – орындаушы би билей жүріп, ән айтатын жанр.
- Әуен** – бір дауыста берілген музыкалық ой.
- Барабан** – ұрмалы музыкалық аспап, оның түрлері көп.
- Баркарола** – итальянның «барка» – қайық деген сөзінен шыққан, «қайықшының әні» деген мағынаны береді.
- Башқұрт халқы** – түркі тілдес халық, Башқұртстан Республикасының байырғы халқы, Ресей Федерациясының құрамында, астанасы – Уфа қаласы.
- Бесік жыры** – бесік тербелісіне ыңғайланған сазды, нәзік әуен. Бесік жырымен анасы сәбиін ұйықтатады.
- Би** – музыка немесе ырғаққа сай дене қимылымен көрсететін өнер.
- Бубен** – ұрмалы музыкалық аспап.
- Вальс** – «вальсен» – «айналу», «айналдыру» деген неміс сөзінен шыққан.
- Грузин халқы** – Еуропа құрлығының оңтүстік шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан Грузия мемлекетінің байырғы халқы, астанасы – Тбилиси қаласы.
- Грузин халық әні** – үш дауысқа бөлініп орындалады, әндері үнемі сүйемелдеумен айтылады.
- Дастан** – музыкалық-поэтикалық жанр. Ашугтар дастанда батырлардың жауынгерлік ерлігін, тарихи



	маңызды оқиғаларды, халықтың тіршілігін жырлайды.
Дауылпаз	– қазақтың көне ұрмалы аспабы.
Дәулеткерей	– қазақтың атақты күйші-композиторы. Күйлер арқылы ол қазақтың тұрмысын, өмірін бейнелеген.
Дәстүр	– ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жеткен өмір салты, әдет-ғұрпы, тілі, мәдениеті, өнері.
Домбыра	– қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы.
Дудка	– орыс халқының үрлемелі аспабы.
Жапон халқы	– Жапония мемлекетінің байырғы тұрғындары, астанасы – Токио қаласы.
Иоганн Штраус	– австриялық атақты композитор, дирижер, скрипкашы.
Испан халқы	– Испанияның байырғы халқы, астанасы – Мадрид қаласы.
Итальян халқы	– Италияның байырғы халқы, астанасы – Рим қаласы.
Йодль	– Тироль (Австрия) малшыларының әні. Йодль орындаушылары өнді айтқан кезде дауысын төмен регистрден жоғары регистрге тез және асқан ептілікпен өзгертеді.
Кобзарь	– думаларды (жырдың бір түрі) шығаратын және орындайтын халық ертекшілері.
Композитор	– музыкалық шығармалардың авторы.
Концерт	– белгілі бір реттілікте сахнада орындаушылардың өнерін көрсетуі.
Ксилофон	– ұрмалы музыкалық аспап. Ол қатар-қатар әртүрлі биіктіктегі тізілген ағаш пластинкалардан тұрады.
Күй	– музыкалық жанр. Домбыра, қобыз, сыбызғыға арналған және осы аспаптарда орындалатын музыкалық шығарма.
Күйді тарту тәсілі	– «шертпе» оң қолдың саусақтарымен шертіліп орындалады, ал «төкпе» оң қолдың саусақтары бірігіп, жоғары-төмен серпіліп орындалады.
Крецендо	– музыкалық термин. Дыбыс күшінің бірте-бірте күшейгенін көрсетеді. Белгісі – «<».
Күй тартыс	– күйшілердің күй жарысы.



Кіріспе	– музыкалық шығармадағы негізгі әуен басталар алдындағы орындалатын қысқаша әуен.
Қазақтың халық өні	– кең тараған халық музыкасының түрі. Қазақ халқы өн арқылы салт-дәстүрін, тұрмысын жырлаған.
Қоңырау	– музыкалық аспап. Ол жез, мелхиордан жасалады.
Құрманғазы	– қазақтың ұлы күйші-композиторы.
Көмеймен өн салу	– өн салу өнерінің ерекше бірегей түрі, тек тува, алтай, хакас, монғол, башқұрт, қазақ, қырғыз халықтарына тән. Орындаушы бір уақытта екі нотаны бірдей орындайды.
Қырғыз халқы	– түркі тілдес халық. Негізінен, Қырғызстан Республикасында тұрады, астанасы – Бішкек қаласы.
Лейтмотив	– музыкалық шығарманың негізгі әуені. Лейтмотив шығарманың негізгі кейіпкерін суреттейді.
Металлофон	– ұрмалы музыкалық аспап. Ол қатар-қатар әртүрлі биіктіктегі тізілген темір пластинкалардан тұрады. Дыбысы балғашықпен соғу арқылы шығады.
Моцарт Вольфганг – Амадей	– австриялық композитор, асқан шебер-музыкант, дүниежүзіндегі атақты композитор-классиктердің бірі. Балаларға арнап көп музыка жазған.
Музыка	– өнердің бір түрі. Адамға сазды әуенімен әсер етеді.
Музыкалық аспаптар	– музыкалық шығармалардың түрлі дыбыстарын шығаратын (ойнататын) құралдар.
Музыкалық дыбыс	– музыкалық жүйеде нақтылы орны бар, тұрақты биіктіктегі дыбыс.
Музыкалық дәстүр	– әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне ғана тән аспаптық және әншілік (вокалдық) музыка өнері.
Музыкалық көркемдеуіш құралдар	– әуен, ырғақ (ритм), регистр, тембр (дыбыс бояуы), екпін (темп).
Негізгі әуен	– музыканы (күй, өн) сипаттайтын басты әуен.
Нота	– музыканы қағазға жазып түсіруге қолданатын графикалық шартты белгілер.
Неміс халқы	– Германияның байырғы халқы, астанасы – Берлин қаласы.



Өзбек халқы	– түркі тілдес халық. Өзбекстан Республикасының негізгі халқы. Қазақстанмен шегаралас, астанасы – Ташкент қаласы.
Патриоттық	– грек сөзінен аударғанда «отандас», «Отан» деген мағынаны білдіреді. Патриоттық, ұлтжандылық сезімінің балама сөздері – «құрметтеу», «сыйлау», «сүю». Өз еліңе, халқыңа, тіліңе, өнеріңе құрметпен қарау. Отаныңды, жеріңді сүю, мақтан тұту. Адамдармен сыйластықта бейбіт қатар өмір сүру.
Пьеса	– көңіл күйді бейнелейтін шағын музыкалық шығарма.
Орыс халқы	– Ресей Федерациясының негізгі халқы, астанасы – Мәскеу қаласы.
Релятивті жүйе	– (<i>соль, ми</i> ноталар негізінде туындаған) шартты буындар мен арнайы қол (<i>сольмизациялау</i>) қимылдарын пайдалана отырып, өртүрлі әуендерді айту.
Саз	– әзербайжан халқының ұлттық музыкалық аспабы.
Салт-дәстүр	– халқымыздың ежелден қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіндегі өртүрлі ғұрыптар, ырымдар.
Сүйемелдеу	– өнге қосылып ойнау.
Сыбызғы	– үрлемелі аспап, қамыстан, ағаштан жасалады.
Сюита	– аспаптық музыканың түрі, бірнеше қысқаша музыкалық шығарманы қамтиды.
Тарантелла	– итальян халық биі. Гитара, тамбурин, кастаньет аспаптарының сүйемелдеуімен орындалады.
Татар халқы	– түркі тілдес ұлт. Ресей Федерациясының құрамында. Астанасы – Қазан қаласы.
Тәттімбет	– Арқа өңірінің атақты күйші-композиторы. Қарағанды өңірінде дүниеге келген. Оның «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», «Секіртпе» күйлері халыққа танымал.
Тембр	– дыбыстың сапасы, музыкалық аспап дыбысы немесе әнші дауысының дыбыстық бояуы.
Тува халқы	– түркі тілдес халық. Шығыс Сібірдің оңтүстігінде орналасқан, астанасы – Қызыл қаласы.
Украин халқы	– Украинаның негізгі халқы, астанасы – Киев қаласы.




- Ұйғыр халқы** – түркі тілдес халық. Қытайдың Шыңжан ұйғыр автономиялық ауданының жергілікті халқы. Сондай-ақ Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда тұрады.
- Ұлы Жібек жолы** – 3–4 мың жыл бұрынғы сауда жолы. Жібек жолының басы Қытай жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталды. Жол батысқа және солтүстік-батысқа қарай шығу үшін оңтүстік және солтүстік бағыттарға тармақталды.
- Үшбұрыш** – үш бұрыш түрінде майыстырылған, темірден істелінген ұрмалы музыкалық аспап. Қоңырауға ұқсаған әдемі дыбысы темір таяқшамен соғып ойнағанда шығады.
- Фламенко** – Андалузия (Испания) аймағының дәстүрлі музыкалық би стилі. Ол ән салу, билеу және музыкалық сүйемелдеумен бірігіп орындалады. Фламенко биі мен әні гитара немесе кастаньет аспабымен, қол шапалағымен ырғақты соғу арқылы және аяқпен тақылдатып сүйемелденеді.
- Фольклор** – халықтың ауызекі шығармашылығы (ертегілер, аңыз әңгімелер, батырлар жыры, мақал-мәтел және т.б.).
- Фортепиано** – клавишті, темір ішекті музыкалық аспап.
- Хакас халқы** – түркі тілдес халық. Шығыс Сібірдің оңтүстік бөлігінде орналасқан, астанасы – Абакан қаласы.
- Чадахан** – тува халқының музыкалық аспабы, жеті ішекті ағаштан жасалынған, қазақтың жетігеніне ұқсайды.
- Шаңқобыз** – темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап.



ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ОҚУ РЕСУРСТАРЫ

1. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 1. <https://www.youtube.com/watch?v=sa6MIPSP1Kw>,
<https://www.youtube.com/watch?v=TdgoRbtu-SQ> (8-бет).
 2. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 - https://kk.wikipedia.org/wiki/Біржан_Қожағұлұлы (9-бет).
 - <https://www.youtube.com/watch?v=iCiVno81EnU> (10-бет).
 3. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 - https://kk.wikipedia.org/wiki/Кенен_Әзірбаев (12-бет).
 - <https://www.youtube.com/watch?v=qeFabUGwFhQ>,
<https://www.youtube.com/watch?v=ZjebGYms7DY> (12, 25-беттер).
 4. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 - <https://kk.wikipedia.org/wiki/> (15-бет).
 - https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақындар_айтысы
Біржан мен Сара айтысы <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
(18-бет).
 - https://www.youtube.com/watch?v=CPwA_3NvrBU (18-бет).
 5. Фонохрестоматия, интернет ресурстары: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Күй>. https://kk.wikipedia.org/wiki/Шертпе_күй
<http://audio.nur.kz/1042705-kyrmanfazi-ada-j-kyji>
<https://www.youtube.com/watch?v=7LYlBrGn9wQ>
<https://www.youtube.com/watch?v=qiKq7Hnf3i8> (20-бет).
 6. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 - <https://kk.wikipedia.org/wiki/Тәттімбет>
<http://audio.nur.kz/1061483-abiken-hasenov-sarizhajlau-tattimbet>
https://www.youtube.com/watch?v=Qlc_Lwx_5DU
<https://www.youtube.com/watch?v=tcXxnqyXis4> (22-бет).
 7. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 - https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұрмыс-салт_жырлары
https://www.youtube.com/watch?v=cnwyXzY_Y1U (30-бет).
 8. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:
 - https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұсау_кесер
https://www.youtube.com/watch?v=Zr_5t-k6RfY (31-бет).
 - <https://www.youtube.com/watch?v=TTzrpMwVgeA> (31-бет).



9. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:

<https://www.youtube.com/watch?v=RoqVqk84yH4> (32-бет).

<https://www.youtube.com/watch?v=AueVq8smIyg> (34-бет).

10. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:

<https://www.youtube.com/watch?v=klz-mH4Y3bQ>

<https://www.youtube.com/watch?v=SSvIQnz1yvg>

https://www.youtube.com/watch?v=2d50i83_wHQ

<https://www.youtube.com/watch?v=Dm6Tx1bmos8> (35-бет).

11. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:

<https://kk.wikipedia.org/wiki/Хор> (36-бет).

<https://www.youtube.com/watch?v=WhQgscATphw> (37-бет).

12. Фонохрестоматия, интернет ресурстары:

https://www.youtube.com/watch?v=9XhRIR_nehQ (38-бет).

13. Фонохрестоматия, сөздіктер, «Қазақстан балалар энциклопедиясы» сериясының «Ежелгі Қазақстан аңыздары», 2011 ж. (автор О.К. Жанайдаров).

Интернет ресурстары: Уикипедия – ашық энциклопедия; Тувинское горловое пение; Горловое пение. Этника. Чатхан: Хакассия, Улугбашев Е; Этно-ансамбль «Торатау». Ethno-ensemble «Toratau» Republic of Bashkortostan; Узбекские народные инструменты; киргизские музыкальные инструменты: виды, история, звучание; Еділ Құсайынов, ... Культурная Азиада; Волшебный чатхан – хакасская легенда:<http://www.legendami.ru/bod/dalvost/dalvost17.htm>; Қаржаубай Сартқожаұлы. Ежелгі түркілердің көне саз аспаптары. <http://old.abai.kz/node/17862>;

Легенда о жетыгене. https://www.youtube.com/watch?v=ndSqsU3OA_o. (52-бет).

14. Оқулық, фонохрестоматия, сөздіктер, «Қазақстан балалар энциклопедиясы» сериялары. Интернет ресурстары: Уикипедия – ашық энциклопедия. Музыкалық аспаптар:

Барабан ритм, арабский барабан думбек дарбука керамическая: https://www.youtube.com/watch?v=hX_t02ZP1Vc; Liu Fang pipa solo «The Ambush», traditional Chinese music: <https://www.youtube.com/watch?v=JtrthXXmKgA>; Ravi Shankar & Anoushka Shankar Live: Raag Khamaj (1997): https://www.youtube.com/watch?v=9xB_X9BOAOU; Кото японский инструмент: <https://www.youtube.com/watch?v=L24Nb4CJzV4>. Билер: Японский



народный танец «Праздник сакуры»: <https://www.youtube.com/watch?v=qiboIS9ZAy0>; Китайский танец «Тысячерукая Гуаньинь»: <https://www.youtube.com/watch?v=HHIwHWIoSos>; Унді флешмобы: <https://www.youtube.com/watch?v=JJRabOCqHvY>; Арабская песня «Фогина» Красиво очень!: <https://www.youtube.com/watch?v=itMod-bu-EY> (57-бет).

15. Оқулық, фонохрестоматия, сөздіктер, «Қазақстан балалар энциклопедиясы» сериялары. Интернет ресурстары: Уикипедия – ашық энциклопедия.

Неміс халық биі. <https://www.youtube.com/watch?v=TxoNTfHS0bs>; Театр танца «Розовый слон» – Австрийская полька-полянка. <https://www.youtube.com/watch?v=hamofY0V3OA>; Yodelling – Franzl Lang. <https://www.youtube.com/watch?v=vQhqikWnQCU>; И.Штраус «Весенние голоса» <https://www.youtube.com/watch?v=YeTvdBGEXoQ>; Испанская фламенко под гитару. Испанская гитара и фламенко. <https://www.youtube.com/watch?v=NRhhdZeQLYQ>; Итальянская музыка. 1. Сицилийская тарантелла. http://poiskm.org/show/итальянская_музыка/сицилийская-тарантелла; Sicilian Tarantella - Igor Moiseyev Ballet (Италия, тарантелла). <https://www.youtube.com/watch?v=CXLekd61-Pg>; Ж.Оффенбах. Баркарола из оперы «Сказки Гофмана». https://www.youtube.com/watch?v=Lgs4l_WixQ0; У каждого свой музыкальный инструмент. <https://www.youtube.com/watch?v=3CjKzp0grN0> (72-бет).

16. Оқулық, фонохрестоматия, сөздіктер, «Қазақстан балалар энциклопедиясы».

Интернет ресурстары: Уикипедия – ашық энциклопедия; ВО ПОЛЕ БЕРЕЗА СТОЯЛА/ Русские народные песни для детей (со словами) <https://www.youtube.com/watch?v=BrUNfR6QwdI>;

Русс. нар. песня «Во поле берёза стояла». <https://www.youtube.com/watch?v=RCbEIJk2UDo>

Ансамбль русского народного танца «Берёзка», танцы «Берёзка» и «Калинка»: <https://www.youtube.com/watch?v=-k2rSXZ2wz98>; ансамбль П.П. Вирского (Украина) - Гопак (22.12.2011. <https://www.youtube.com/watch?v=DvZh6VGMkgo>; Хор «Басиани» (Грузия). «Гандаган». Choir «Basiani» (Georgia) <https://www.youtube.com/watch?v=g3gI1Cj-wfo>; Грузинская лезгинка! Шокирует всех <https://www.youtube.com/watch?v=>



= t9iX1P_ro3A; Aşıq Əli – Yandirdi yandirdi – Sevimli Şou 23.12.2013; <https://www.youtube.com/watch?v=LUDTacEyaFk>; Веселая песенка для малышей: Цып Цып мои цыплятки: <https://www.youtube.com/watch?v=LUDTacEyaFk>; Алмагачлары: <https://www.youtube.com/watch?v=TwJgPZGPf0I>; Веселая песенка для малышей: Цып Цып мои цыплятки: Детский азербайджанский хор:

<https://www.youtube.com/watch?v=LUDTacEyaFk> (91-бет).

17. Оқулық, фонохрестоматия, сөздіктер, «Қазақстан балалар энциклопедиясы».

Интернет ресурстары: Уикипедия – ашық энциклопедия;

Ассамблея туралы: <http://www.ankpvl.kz/kaz/about>

Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы:

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000070> (93-бет).



Сөзжұмбақ пен торкөздердің шешуі

- 39-бет.**
1. бас
 2. интерпретация
 3. өңдеу
 4. альт
 5. үйлену
 6. домбыра
 7. сопрано
 8. күй

- 41-бет.**
1. тува
 2. қазақ
 3. татар
 4. өзбек
 5. хакас
 6. қырғыз
 7. башқұрт
 8. әзербайжан

- 58-бет.**
1. Германия
 2. Австрия
 3. Испания
 4. Италия

- 78-бет.**
1. орыс
 2. татар
 3. ұйғыр
 4. грузин
 5. украин
 6. әзербайжан

- 84-бет.**
1. әзербайжан
 2. кабардин
 3. балкар
 4. грузин
 5. осетин
 6. ингуш
 7. армян
 8. шешен

Берілген суреттердің атауы

- 54-бет.**
1. жапон
 2. орыс
 3. үнді
 4. қытай
 5. араб
 6. грузин

- 55-бет.**
1. орыс гармоны
 2. қытай пипасы
 3. араб дарбугы
 4. жапон котасы
 5. орыс балалайкасы
 6. үнді ситары



МАЗМУНЫ

Алғы сөз	3
1-тоқсан. Қазақ халқының музыкалық мұрасы	5
1-сабақ. Қазақ халық әнінің әуенділігі	6
2-сабақ. Қазақ халық әнінің әуенділігі (<i>жалғасы</i>)	9
3-сабақ. Қазақ халық әнінің әуенділігі (<i>жалғасы</i>)	12
4-сабақ. Айтыс өнері.....	14
5-сабақ. Айтыс өнері (<i>жалғасы</i>)	17
6-сабақ. Күй құдіреті	19
7-сабақ. Күй құдіреті (<i>жалғасы</i>)	22
8-сабақ. Жобаны жоспарлау және құрастыру	23
9-сабақ. Жобаны таныстыру	24
Білімді тексер	26
2-тоқсан. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы	28
10-сабақ. Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері	29
11-сабақ. Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері (<i>жалғасы</i>)	30
12-сабақ. Жаңғырған салт-дәстүр әндері	32
13-сабақ. Халық музыкасының интерпретациясы	34
14-сабақ. Халық музыкасын өңдеу	36
15-сабақ. Жобаны жоспарлау және құрастыру.....	38
16-сабақ. Жобаны таныстыру	38
Білімді тексер	39
3-тоқсан. Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі	40
17-сабақ. Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі.....	41
18-сабақ. Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі (<i>жалғасы</i>)	46
19-сабақ. Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі (<i>жалғасы</i>)	49
20-сабақ. Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі	52



21-сабақ. Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі (<i>жалғасы</i>)	57
22-сабақ. Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі	57
23-сабақ. Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі (<i>жалғасы</i>)	63
24-сабақ. Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі (<i>жалғасы</i>)	66
25-сабақ. Жобаны құрастыру және дайындау	73
26-сабақ. Жобаны таныстыру	73
Білімді тексер	74
4-тоқсан. Музыка тілі – достық тілі	76
27-сабақ. Қазақстан халқының музыкасы	77
28-сабақ. Қазақстан халқының музыкасы (<i>жалғасы</i>).....	83
29-сабақ. Қазақстан халқының музыкасы (<i>жалғасы</i>).....	89
30-сабақ. Бір шаңырақ астында	91
31–32-сабақтар. Өз елім	93
33-сабақ. Жобаны жоспарлау және құрастыру.....	97
34-сабақ. Жобаны таныстыру	97
Білімді тексер	98
Глоссарий	100
Пайдаланылатын оқу ресурстары	105
Сөзжұмбақ пен торкөздердің шешуі	109
Берілген суреттердің атауы.....	109



Оқу басылымы

**Құлманова Шолпан Бөрібайқызы
Сүлейменова Бота Раманқұлқызы
Тоқжанов Төлепберген Төрахметұлы**

МУЗЫКА

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*
Көркемдеуші редакторы *Н. Тілеуімбеков*
Суретшісі *Г. Искакова*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 029

Теруге 17.01.2017 берілді. Басуға 06.06.2017 қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₆.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 9,1. Есептік баспа табағы 4,88.
Таралымы 160 000 дана. Тапсырыс № 2501.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.